

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

УДК 658.56

Қолжазба құқығында

АМАНБЕК НУРЛАН

Қызмет сапасын бағалау әдістерін стандарттау

6D073200 – Стандарттау және сертификаттау

Философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Мамаева Л.А.. б.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Шет елдік кеңесші:
Божена Лозовицка, PhD
Национальный исследовательский
институт, Польша

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР		4
АНЫҚТАМАЛАР		5
БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР		7
КІРІСПЕ		8
1.	ӘДИБЕТТЕРГЕ ШОЛУ	13
1.1	Қызмет сапасы ұғымының мәні	13
1.2	Қызмет сапасын бағалау әдістерін талдау	17
1.2.1	Қызмет сапасын бағалау ерекшеліктері	17
1.2.2	Қызмет сапасын бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдау	20
1.3	Мемлекеттік қызметтердің сапасы және оны бағалау мәселелері	25
1.3.1	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын айқындау түсінігі және тәсілдері	25
1.3.2	Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бағалау көрсеткіштерінің жүйесі	29
1.4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне теріс әсер ететін факторлар жүйесі	31
1.5	Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы инновациялық реформалар	32
2	ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ	39
2.1	Зерттеу объектісі	39
2.2	Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдері және сызбасы	40
2.3	Зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемелері	41
3	АРНАЙЫ ХҚКО-ДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ РЕГЛАМЕНТТЕРІ	51
4	МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ЖӘНЕ САПАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ	58
5	АРНАЙЫ ХҚКО-ҒЫ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	64
5.1	Арнайы ХҚКО-ның қызметін және қызмет сапасын бағалау	64
5.1.1	Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысын сараптау	64
5.1.2	Сапа бақылау құралдарының көмегімен қызмет сапасын бағалау нәтижелері	70
5.1.3	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін анықтау	79
5.1.4	Мемлекеттік қызмет сапасын бағалау үшін маңыздылық пен тиімділікті талдау нәтижелері	87
5.1.5	Мемлекеттік қызметтің сапасын бағалауда иерархиялық	91

	талдау нәтижелері	
5.2	Мемлекеттік қызмет сапасының алдын-алуға бағытталған әдістерді талдау	106
5.2.1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау моделін құру	106
5.2.2	SWOT-талдау: ҚР "Электрондық үкіметінің" күшті және әлсіз жақтарын сараптау нәтижелері	115
5.2.3	Арнайы ХҚКО-ғы тәуекелдерді басқару	122
	ҚОРЫТЫНДЫ	132
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	134
	ҚОСЫМШАЛАР	149

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1.13-2005 Мемлекеттік қызметтерді стандарттау. Жалпы ережелер
МЕСТ 30335-95 Халыққа қызмет көрсету. Терминдер мен анықтаалар.
Service for people. Terms and definitions

МЕСТ Р ИСО 10001-2009 Сапа менеджменті. Тұтынушылардың қанағаттануы. Ұйымдарға арналған мінез-құлық ережелері бойынша ұсыныстар
МЕСТ Р ИСО 10002-2007 Ұйым менеджменті. Тұтынушының қанағаттануы. Ұйымдарда арыз-шығамдары басқару жетекшілігі

МЕСТ Р ИСО/МЭК 20000-1-2010 Ақпараттық технология. Қызмет менеджменті. 1-бөлім. Спецификация (Information technology. Service management. Part 1. Specification)

МЕСТ Р 57486-2017 Халыққа қызмет көрсету. Ақпараттық қамтамасыздандыруға қойылатын талаптар

ГОСТ Р 54930— 2012/ Руководство ИСО/МЭК 76:2008 Разработка стандартов на услуги. Рекомендации по учету нужд потребителя

МЕСТ Р 50691-2013 Қызмет сапасын қамтамасыз ету моделі

МЕСТР 52113-2003 Халыққа қызмет көрсету. Сапа көрсеткіштерінің номенклатурасы

МЕСТ Р ИСО 13053-2-2015 Статистикалық әдістер. «Алты сигма» үрдістерді жақсартудың сандық әдістері. 2-Бөлім. Әдістер.

МЕСТ ИСО 9004-4 Сапаны әкімгершілік тарапынан басқару және сапа жүйесінің элементтері. 1-4-Бөлім. Сапаны жақсарту бойынша нұсқаулық.

МЕСТ Р ИСО 9004-2019 Сапа менеджменті. Ұйымдастыру сапасы. Ұйымның тұрақты жетістігіне қол жеткізу бойынша нұсқаулық. Quality management. Quality of an organization. Guidance to achieve sustained success

МЕСТ Р 54930-2012. Қызмет стандарттарын әзірлеу. Тұтынушының мұқтажын есепке алу бойынша ұсынымдар

МЕСТ Р 57189-2016 ISO/TS 9002:2016 Сапа менеджменті жүйесі. ИСО 9001:2015 қолдану жетекшілігі (ISO/TS 9002:2016, IDT)

"Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген.

ISO 31000: 2018 Тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандарты Британдық Колумбия Үкіметі.

Р 50.1.028-2001 Информационные технологии поддержки жизненного цикла продукции. Методология функционального моделирования

АНЫҚТАМАЛАР

Берілген диссертацияда тиісті анықтамалары бар келесідей терминдер қолданылады:

Қызмет: орындаушы мен тұтынушының тікелей өзара іс-әрекетінің, сондай-ақ тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыру бойынша орындаушының өз қызметінің нәтижесі.

Халыққа қызмет көрсету саласы: халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар, ұйымдар мен жеке тұлғалардың жиынтығы.

Қызмет көрсету: қызметті тұтынушымен тікелей байланыс арқылы орындаушының қызметі.

Орындаушы: тұтынушыға қызмет көрсететін кәсіпорын, ұйым немесе кәсіпкер.

Қызмет сапасы: тұтынушының белгіленген немесе болжамды қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін анықтайтын қызмет сипаттамаларының жиынтығы.

Қызмет көрсету сапасы: тұтынушының белгіленген немесе болжамды қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін қызмет көрсету процесі мен шарттарының сипаттамаларының жиынтығы.

Қызмет көрсету қасиеті: қызмет көрсету және тұтыну (оны жүзеге асыру) кезінде көрінетін қызметтің объективті ерекшелігі.

Қызмет көрсету сапасының көрсеткіші: оның сапасын құрайтын бір немесе бірнеше қызмет көрсету сапасының сандық сипаттамасы.

Қызмет көрсету сапасының деңгейі: қызмет көрсету сапасының оның сапа көрсеткіштерінің нақты мәндерін осы көрсеткіштердің нормативтік мәндерімен салыстыруға негізделген салыстырмалы сипаттамасы.

Қызметтің сапасын бақылау: қызмет көрсетудің бір немесе бірнеше сипаттамаларын өлшеу, сынау, бағалау жүргізуді және алынған нәтижелерді белгіленген талаптармен салыстыруды қамтитын операциялар жиынтығы.

Қызмет сапасының жүйесі: Ұйымдық құрылым, жауапкершілік, рәсімдер жиынтығы. қызметтер сапасына жалпы басшылықты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін процестер мен ресурстар.

Стандарттау объектісі: стандарттауға жататын қызмет көрсету, қызмет көрсетудің өндірістік процесі, қызмет нәтижесі.

Біртекті қызметтер тобы: жалпы нысаналы және/немесе функционалдық мақсаттарымен сипатталатын қызметтер жиынтығы.

Қызмет көрсету стандарты: қызмет мақсатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қызмет қанағаттандыруы тиіс талаптарды белгілейтін стандарт.

Қызметке арналған техникалық құжат: қызметтің техникалық, технологиялық, конструкциялық және басқа да сипаттамаларын белгілейтін құжат. Техникалық құжаттарға техникалық шарттар, технологиялық регламенттер (карталар), техникалық сипаттамалар, нұсқаулықтар, сән топтамасының альбомдары, сызбалар, эскиздер кіреді.

Қызметке арналған технологиялық регламент: қызметті орындаудың технологиялық процесіне қойылатын талаптарды қамтитын құжат.

Қызметтің техникалық сипаттамасы: бекітілген үлгі-модельге сәйкес жеке тапсырыс бойынша өнімді дайындау қызметіне әзірленетін құжат.

Қызметті ұсыну: орындаушының қызметті орындауды қамтамасыз етуге қажетті әс-әрекеттері.

Қызметті орындаудың технологиялық процесі: қызмет көрсету объектісінің жай-күйінің өзгеруіне байланысты қызметті ұсыну процесінің негізгі бөлігі.

Қызметке тапсырыс: тараптардың құқықтық, экономикалық және техникалық қатынастарын анықтайтын тұтынушы мен қызметті орындаушы арасындағы шарт.

Қызмет көрсету уақыты: тұтынушы қызметті орындаушымен өзара әрекеттесетін уақыт кезеңі.

Қызметті орындау уақыты: қызметті орындауға белгіленген уақыт нормативі.

Қызмет көрсету ережелері: қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын реттейтін талаптар мен нормаларды қамтитын құжат.

БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

- АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АҚ - Акционерлік қоғамы
БСҒЗИ - Бүкілресейлік сертификаттау ғылыми-зерттеу институты
БН - Бақылау нүктесі
ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ
ЕЖТБ - Емтихан жұмысын тіркеу бөлімдері
ЖБМ – жаңа мемлекеттік басқару
ЖИШ - Жеке инвестициялық шот
ИТӘ – Иерархиялық талдау әдісі
КҚТК – көлік құралдарын тіркеу күәлігі
ҚР СТ-Қазақстан Республикасының стандарты
МТНБ - Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері
МЕМСТ – Мемлекеттік стандарт
МТНБ - мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері
НҚ - Нормативтік құжат
СМЖ - Сапа менеджменті жүйесі
ТБКЖ - Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
ТҚИ - Тұтынушылардың қанағаттану индексін
ПО – ішкі істер органдары
ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы
ЭҮП - электрондық үкімет порталы
ACSI - Америкалық қанағаттану индексі
CSI – Customer Satisfaction Index – Тұтынушылардың қанағаттану индексі
EPSI - Еуропалық қанағаттану көрсеткішінің индексі
IDEF0- Integration Definition for Function Modeling (функцияларды модельдеу үшін интеграцияны анықтау)
IPA – Important-performance analysis – Маңыздылық пен тиімділікті талдау
NPM – New Public Management - Жаңа мемлекеттік басқару
SPSS - Statistical Package for the Social Sciences - Әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет
TQM – Total Quality Management – Сапаны жалпы басқару

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі: Соңғы жиырма жыл ішінде қазіргі заманғы экономиканы дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып, қарқынды дамып келе жатқан қызмет көрсету саласы болып табылады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қызмет көрсету саласының қарқынды өсуі, ең алдымен, әлемнің көптеген елдерінде өнеркәсіптің жетілуінің жоғары деңгейіне қол жеткізілуімен және нәтижесінде халықтың жоғары өмір сүру деңгейімен қамтамасыз етілуімен байланысты. Сараптау көрсеткендей, өнеркәсіптік өндіріс дамыған сайын, нарық тауарлармен қаныққан сайын, ең алдымен, қызметтерге деген сұраныс артып келеді [1,2]. Жаһандық мемлекетаралық бәсекелестік жағдайында, сондай-ақ әлемдік экономикалық және әлеуметтік сілкіністер жағдайында, мемлекеттік сыртқы және ішкі саясаттардың орнықтылығы мен икемділігін қамтамасыз ететін жүйеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын басқару жүйесін реформалау маңызды мәселе болып табылады. Қазақстан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму үрдісінде болғандықтан, озық ақпараттық технологияларды енгізу есебінен мемлекет ұсынатын қызметтердің сапасын жүйелендіріп, сапа параметрлерінің стандартын әзірлеу және сол параметрлерді объективті бағалау мәселелері өзекті болуда.

Мемлекеттік қызмет ұғымының енгізілуі елдің дамуын басқарудың мемлекеттік жүйесін реформалау процесіне, әкімшілік реформаны жүргізуге, бюджет жүйесін өзгерту және электрондық үкіметті енгізуге байланысты [3],

Қызметті стандарттау нақты қолданыстағы немесе ықтимал міндеттерге қатысты жалпыға бірдей және бірнеше рет қолдану ережелерін белгілеу арқылы белгілі бір салада оңтайлы тәртіпке қол жеткізуге бағытталған [3,4,5,7,10].

Мемлекеттік қызметтерді стандарттау үрдісі тұтастай алғанда мынадай бағыттармен айқындалады:

- Үрдіске жеке, заңды тұлғаларды және бақылаушы органдарды тарту арқылы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру;

- қызмет көрсету сапасын оңтайландыру, яғни қызмет пен ықпал ету салаларының аражігін ажырату, кейбір көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар үшін елеулі салдарсыз (бағаның өсуі, сапаның төмендеуі және т. б.) жеке секторға беру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мәжбүрлеп таңуды тоқтату арқылы жүзеге асырылады;

- билік органдары мен лауазымды тұлғалар тарапынан тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін конституциялық тұрғыда қорғау [6].

Стандарттау мен тұтынушылардың қанағаттануы арасындағы байланыс гетерогенді ішкі және сыртқы факторлардың әсеріне ұшырайды. Біздің зерттеуімізде біз стандарттауды тұтынушылардың қанағаттануымен байланыстыратын алдыңғы зерттеулерді орындаймыз. Біз стандарттауды ұйым ішіндегі үздіксіз жетілдіру процесінің бөлігі ретінде қарастырамыз. Осы болжамды ескере отырып, біз одан әрі гипотезалар құрамыз және стандарттауға қатысты келесі тұжырымдарды ұсынамыз:

- 1) стандарттау үздіксіз жетілдіруден ажырамауы тиіс;
- 2) үздіксіз жетілдіру тұтынушылардың қанағаттануына оң әсер етеді, осылайша стандарттау тұтынушылардың қанағаттануына да оң әсер етеді;
- 3) стандарттау мен тұтынушылардың қанағаттануы арасындағы байланыс факторларға әсер етуі мүмкін, бұл үнемі жетілдіруге ықпал ететіні дәлелденген.

Қазақстанның қазіргі жағдайында аталған қызмет бағытының маңыздылығы еліміздің жаңа Президентінің саяси мәлімдемелерінде де расталатынын атап өткен жөн [7].

Қ. Тоқаев 2021 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында, «Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың қажеттіліктеріне жеделден қою мемлекеттік органдар қызметінің басты басымдықтары болып табылады» - делінген. Қандай да бір саладағы шешімдердің әділетсіздігіне бірнеше рет шағым жасау нақты мемлекеттік орғандағы немесе өңірдегі жүйелі проблемаларды білдіреді. Енді бұған дәл осылай қарау керек және тиісті шешімдер қабылдау керек" екендігін атап өтті [8].

2022 жылғы 6-маусымда Президент өз үндеуінде халыққа көрсетілетін қызмет сапасы туралы пікір білдірді, яғни басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік қызметтер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек, деген болатын.

Мұны қызметтердің сапасын бағалау әдістерін стандарттау мәселелері шешуші мәнге ие қызметтер саласына толық жатқызуға болады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесінің тиімділігін бағалаудың негізгі проблемасы жиынтық тиімділігі бар, бюджеттік, экономикалық және әлеуметтік тиімділігі бар көрсеткіштердің жан-жақты тізбесін қамтитын оларды бағалау критерилерін айқындау болып табылады [9].

Қызметтердің сапасын бағалау өте қиын міндет, өйткені:

- 1) қызметтердің оларды материалдандырылған өнімнен ерекшелетін өзіндік ерекшеліктері бар, яғни: материалдық емес, тұтынудан бөлінбеу, сапаны бағалаудағы маңызды субъективті фактор, ұсақ тұрмайтындығы, сақталмаушылық және меншік құқығының болмауы;

- 2) қызмет көрсету сапасының көптеген көрсеткіштерін бағалау эксперттік сараптау сипатына ие;

- 3) қызмет көрсетудің заманауи технологиялық схемаларына көбінесе уақыт пен кеңістікте орналасқан көптеген процестер мен қатысушылар кіреді;

- 4) қызмет көрсету сапасын бағалау, әдетте, көбінесе тұтынушының қанағаттанушылығын бағалаумен байланысты емес көптеген сапа көрсеткіштерін өлшеумен қатар жүреді.

Стандарттау және қызметтердің сәйкестігін бағалау үшін әдістемелік негіз болып Бүкілресейлік сертификаттау ғылыми-зерттеу институты әзірлеген және Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу жөніндегі комитеті мақұлдаған "Қызметтерді стандарттау мен сертификаттауды дамыту тұжырымдамасы" қолданылады.

Өнімдер мен қызметтердің сапасын бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдау, қызмет көрсетудің анықталған ерекшеліктерін ескере отырып, сапаны бағалаудың қолданыстағы әдістерінің бірқатар кемшіліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, бұл оларды қызметтердің сапасын бағалау үшін қолдануды қиындатады:

1) Қызмет көрсету кешені сапасының көптеген көрсеткіштерін өңдеу кезінде қолданыстағы әдістер көп еңбекті қажет етеді;

2) Кешенді қызметтің берілген параметрлері бойынша ұйымның қызметіне мүдделі тараптардың қанағаттанушылығына әсер ететін сапа көрсеткіштерінің өкілдік үлгісін тиімді анықтауға мүмкіндік беретін құрал жоқ, бұл көрсеткіштердің үлкен номенклатурасымен сапаны бағалауды жүргізу шығындарының артуына әкеледі.

Диссертациялық жұмыс «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының қызметін жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 827 қаулысымен бекітілген "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде дайындалды.

Қызметтердің аталған ерекшеліктеріне сүйене отырып, олардың сапасын бағалау әдістерін жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасалды. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу қызметтердің сапасын бағалаудың жаңа әдістемелік тәсілдерін әзірлеуді қажет етті және диссертациялық зерттеудің мақсатын анықтады. Бұл үшін күрделі көп параметрлі объектінің (көрсетілетін қызметтің) сапасына кешенді бағалау жүргізу қажет, егер сандық емес түрде ұсынылған, есепке алынатын жеке көрсеткіштердің салыстырмалы маңыздылығы туралы қосымша мәліметтер болса; кешенді бағалауды құру кезінде сандық және сандық емес көрсеткіштерді, атап айтқанда, тұтынушылар тарапынан көрсетілетін қызметтер сапасын субъективті қабылдауды сипаттайтын көрсеткіштерді ескеру қажет.

Зерттеудің мақсаты және міндеттері. Ғылыми жұмыстың мақсаты болып мемлекеттік қызметтің сапасын, қызмет түрінің ерекшелігін және тараптардың талаптарын ескеретін сапа көрсеткіштеріне негізделген кешенді бағалау бойынша әдістеме дайындау болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысының алдына келесі міндеттер қойылды:

- Қызмет сапасын бағалаудың әдістемелеріне сараптама жасау;
- Мемлекеттік қызмет сапасы және оны бағалау критерийлері мен мәселерін зерделеу;
- Зерттеу объектісінің қызмет көрсету үдерісін және жұмыстың нәтижелерін талдау;
- Қызметті тұтынушылардың қанағаттану индексіні анықтау және маңыздылық пен тиімділікті талдау әдістемесін әзірлеу;
- Мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау критерийлеріне иерархиялық талдау жүргізу және қызмет көрсету сапасына әсер ету дәрежесін есептеудің математикалық моделін әзірлеу;

- Қызмет сапасының алдын-алуға бағытталған әдістерді қарастыру, оның ішінде қызмет сапасының бағалау моделін құрастыру және мемлекеттік қызметтегі негізгі қауіптерді анықтау;

- Қызмет сапасын бағалау әдістерінің ұйым стандартының жобасын әзірлеу.

Зерттеу объектісі.

Қазіргі таңдағы сапаны бағалауға және алдын алуға бағытталған жүйелі сараптаулардың, үрдістік және статистикалық тәсілдердің негізінде, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы арнайы халыққа қызмет көрсету орталығының қызметі барысындағы сапаны бағалау жұмыстарының теориялық және практикалық аспектілері.

Зерттеу объектісі болып мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы бір терезе қағидатымен жұмыс атқаратын «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының құрамындағы, Алматы қаласының «Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығында» көрсетілетін қызмет үрдісі болып табылады.

Ғылыми жаңалығы:

- Мемлекеттік қызметтің сапасын бағалауға қажетті қызмет сапасының критерийлері, өлшеу құралдары және индикаторлары анықталды;

- Заманауи озық моделдерді пайдалана отырып мемлекеттік қызметтің сапасын бағалауды жүйелі қарастыруға мүмкіндік беретін модель дайындалды;

- Мемлекеттік қызметтің сапасына мүдделі тараптың талаптары мен сапа көрсеткіштері арасындағы байланысқа сүйене отырып, көрсетілген мәндер ауқымын қанағаттандырмайтын көрсеткіштердің қызмет сапасына әсер ету дәрежесін есептеудің математикалық моделі жасалды;

- Болашақ зерттеулерде қолдануға болатын тұжырымдамалық негіздеме әзірленді, яғни клиенттердің қанағаттануындағы өзгерістермен бірге келетін қызметтерге енгізілген өзгерістер негізінде сапалы қызмет көрсету мен клиенттердің қанағаттануы арасындағы байланыстың рөлі айқындалды.

Тәжірибелік маңыздылығы

- Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысы барысында 2017 жылдың қортындысы бойынша тіркелген ауытқуларды статистикалық әдістерді пайдалану арқылы терең сараптау негізінде ауытқулар санын 40 % азайтуға мүмкіндік берді;

- Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы негізгі қауіптерді анықтау қауіптің алдын алу бойынша шараларды қарастыруға және ауытқулар санын азайтуға мүмкіндік береді;

- Тәжірибелік тұрғыдан орындалған жұмыс мемлекеттік қызмет көрсету саласында сапаны бақылаудың статистикалық әдістерін қолдану мәселесін шешеді.

- Құрасытырлған мемлекеттік қызмет сапасын бағалау моделі осы саладағы субъектілермен объектілерді жіктеп және мемлекеттің ролін көрсету арқылы сапаға әсер ететін факторларды анықтауға сол арқылы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысын арттыруға мүмкіндік береді;

- Берілген мәндер ауқымын қанағаттандырмайтын индикаторлардың сапасына әсер ету дәрежесін есептеу үшін әзірленген математикалық модель

ұйымның қызметін жақсартуға бағытталған негізгі шараларды минималды шығындармен анықтауға мүмкіндік береді;

- Зерттеу нәтижелері бойынша «Тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI) анықтау және маңыздылық-тиімділікті талдау (IPA) әдісі» бойынша Ұйым стандартының жобасы әзірленді;

- Жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған әдістемелік нұсқау «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша бакалавр және магистранттарды дайындау барысындағы оқу үрдісінде қолданылады.

Жұмыстың апробациясы. Жұмыстың негізгі нәтижелері 2018-2022 жылдар аралығында ҚазҰАУ "Тағам өнімдерін технологиясы және қауіпсіздігі" кафедрасының отырысында баяндалды, сонымен бірге 2019 ж. қарашада АҚШ Сан-Франциско қаласында өткен V халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда, 2020 ж. қарашада Лос-Анжелес қаласында өткен «Сапа менеджменті: Ізденістер мен шешімдер» VI ғылыми халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда М.Әуезов атындағы ОҚМУ магистранттары, PhD докторанттары мен жас ізденушілердің ғылыми еңбектер жинағында, «International Journal of Systems Assurance Engineering and Management» халықаралық ғылыми басылымда баяндалды.

Жарияланымдар.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың еңбектер жинағында жарияланды. Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 8 ғылыми жұмыс, оның ішінде 1 мақала Scopus (импакт-фактор 1,72, Q3, процентиль 30) базасына кіретін «International Journal of Systems Assurance Engineering and Management» журналында жарияланған

“Results of a comprehensive assessment of the quality of services to the population with the use of statistical methods” / International Journal of Systems Assurance Engineering and Management, 2021, 12(6), стр. 1322–1333

Сонымен қатар:

«Қызмет сапасын бағалау әдістемесінің моделін әзірлеу» / Мақала «М.Әуезов атындағы ОҚМУ магистранттары, Ph докторанттары мен жас ізденушілердің ғылыми еңбектер жинағы – Сборник научных трудов магистрантов, докторантов PhD и молодых исследователей ЮКГУ им. М.Ауэзова. – Чимкент, 2019. – Б.45-49

«Қазақстанда қызмет көрсету сапасын бағалау әдістерінің ерешеліктері» // «Сапа менеджменті: Ізденістер мен шешімдер» V халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда материалдары - Қараша 27-29, 2019. - Сан-Франциско (CA, USA) № - Том I № - Сан-Франциско, 2019. - 199-208 б. www.regionacadem.org inf.academ@gmail.com

«Ұйымның қызметіне мүдделі тараптардың талаптарын іске асыру дәрежесінің қызмет сапасына әсерін зерттеу» // «Сапа менеджменті: Ізденістер мен шешімдер» V халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда материалдары - Қараша 27-29, 2019. - Сан-Франциско (CA, USA) № - Том I № - Сан-Франциско, 2019. - inf.academ@gmail.com. 206-2012 б.

«Мемлекеттік қызметтерді жіктеу және сапа критерийлерін анықтау» //

«Сапа менеджменті: Ізденістер мен шешімдер» VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда материалдары - Қараша 25-27, 2020 Лос Анжелес (США), 1 басылым. 198-205 б.

«Контроль качества при оценке государственных услуг» / Стандарты и качество, №3 (1017), 2022. 84-87 сс. <https://doi.org/10.35400/0038-9692-2022-3-223-21>

«Халыққа арнайы қызмет көрсету орталығының қызмет сапасын бағалау» / Университет еңбектері №3.2022. 227-235 бет. https://doi.org/10.52209/1609-1825_2022_3_227

«Применение метода SWOT-анализа для оценки качества государственных услуг». Вестник КазАТК. Том 123, №4. <https://doi.org/10.52167/1609-1817-2022-123-4>

«Халыққа арнайы қызмет көрсету орталығының қызметін бағалау»: Әдістемелік нұсқаулық / Аманбек Н., Мамаева Л.А., Исматуллаев С.Л., Искакова Ж.А. - Алматы 2022. – 20 б.

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының стандарттар жүйесі. 1 - Бөлім. Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының қызмет сапасын бағалау. Тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI) анықтау және маңыздылық-тиімділікті талдау (ІРА) әдісі / Ұйым стандарты, Алматы 2023. – 20 б.

Диссертацияның құрылымы және көлемі: Диссертация жұмысы компьютермен терілген, жалпы 179 беттен тұрады. Диссертацияның құрамы кіріспе, зерттеу объектісі мен әдістері, зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдері және сызбасы, зерттеу нәтижелері, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар бөлімдерінен тұрады. Жұмыста 36 кесте және 29 сызба берілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 224 отандық және шетел ғалымдарының еңбектері енгізілген.

1. ӘДИБЕТТЕРГЕ ШОЛУ

1.1. Қызмет сапасы ұғымының мәні

Өнімдер мен қызметтердің алуан түрлеріне қатысты бағалау мен сапаны басқарудың заманауи әдістеріне қажеттіліктің артуы үнемі зерттеушілердің назарын "сапа", "сапаны бағалау" және т. б. сияқты негізгі ұғымдар мен санаттарға аударады. Бірқатар ғылыми жарияланымдар, оқу құралдары және т. б. осы тақырыпқа байланысты сапа ұғымдарының тарихи дамуына талдау жасайды [3,4,5,6,10,11,12,13,14,15,16]. Бұл еңбектерде Аристотель заманынан бері сапа ұғымы әртүрлі дәуірлерде және әлемнің әртүрлі аймақтарында қалай түсінілгені егжей-тегжейлі сипатталған. Жалпы, осы категорияны анықтауға екі негізгі тәсіл бар. Біріншіден, ХІХ ғасырда Гегель ең толық көрсеткен "философиялық көзқарас"[17].

Екіншіден, осы зерттеудің мақсаттары үшін толығырақ қарастырылатын "техникалық-экономикалық тәсіл". Нарықтық қатынастар дамыған сайын "сапа" ұғымы экономикалық категорияның ерекшеліктеріне ие болатындығы кездейсоқ емес және бұл ХХ ғасырда пайда бола бастаған терминнің анықтамаларында көрініс табады. Сонымен, жапондық сапа моделінің негізін қалаушылардың бірі К. Исикава 50-жылдардың басында "сапа-бұл тұтынушыларды шынымен қанағаттандыратын қасиет" деп атап өтті [18]. 20 жылдан аз уақыт өткен соң Дж. М. Джуран былай деп жазды: "сапа-бұл қолдануға жарамды... сонымен бірге-тұтынушының қанағаттану дәрежесі, яғни сапаны жүзеге асыру үшін өндіруші тұтынушының талаптарын білуі керек және өз өнімдерін осы талаптарға сай етіп жасауы керек» [19]. Сонымен бірге, КСРО-да МЕМСТ 15467-79-да берілген сапа анықтамасы экономикалық басқарудың жоспарлы-командалық моделінің ерекшеліктерін айқын көрсетті: "өнімнің сапасы-оның мақсатына сәйкес белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға жарамдылығын анықтайтын өнім қасиеттерінің жиынтығы» [20].

Сол МЕМСТ "Өнімнің (қызметтің) қасиеті" және "Сапа көрсеткіші" ұғымдарын анықтайды. Өнімнің (көрсетілетін қызметтің) қасиеті деп "өнімді (көрсетілетін қызметті) жасау, пайдалану, мақсаты бойынша пайдалану немесе тұтыну (қызмет көрсету) кезінде көрінетін оның (көрсетілетін қызметтің) объективті ерекшелігі" түсініледі. "Сапа көрсеткіші" термині "объектінің сапасының құрамына кіретін және объектінің өмірлік циклінің белгілі бір жағдайларына қатысты қарастырылатын объектінің қасиеттерінің сандық сипаттамасын" білдіреді. Өнімдерге қатысты аталған шарттар оны құру, пайдалану немесе тұтыну шарттары болып табылады, ал қызмет көрсету үшін - оны әзірлеу мен көрсетудің белгілі бір шарттары. Айта кету керек, соңғы анықтамада, біздің ойымызша, оның сандық сипаттамасын қажет ететін сапаны бағалау міндеттерін түсіну өте тар түсінікте берілген. Бұл тәсілде сандық емес шкала бойынша бағалау (қарапайым мысал: оқушылардың үлгерімін бағалау: "өте жақсы", "жақсы" және т.б.) - сапа көрсеткіштері бола алмайды. Осылайша, бағалау және сапаны басқару есептерінде қолдануға болатын математикалық әдістердің арсеналы да шектеулі: тек сандық айнымалылармен жұмыс істейтін

әдістер ғана қолданылады. Халықаралық стандарт ISO 8402-86 "Сапаны басқару және сапаны қамтамасыз ету - сөздік". келесі анықтаманы енгізді: "Сапа-бұл объектінің тұтынушылардың белгіленген және болжамды қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне қатысты сипаттамаларының жиынтығы". Біздің ойымызша, ең дәл және сындарлы болып қала беретін бұл анықтама келесі үш негізгі ойды қамтиды [21]:

1) Сапаны объектінің сипаттамаларының жиынтығымен сәйкестендіру оның күрделі, көп өлшемді сипатын көрсетеді: сапа, әрине, көптеген компоненттерге ие және олардың кез-келгені тұтастай алғанда объектінің сапасын толық сипаттай алады (және оны алмастыра алады). Осылайша, тұтастай алғанда сапаны бағалаудың құрылысы жиынтық көрсеткіштерді синтездеудің белгілі бір әдістерін қамтуы керек;

2) "Қажеттіліктерді қанағаттандыру" анықтамасында белгіленген тұтынушы бағалаушы субъект ретінде болуын болжайды. Бұдан келіп шығатыны, сапаны бағалау (өлшеу) тұтынушылар көрсеткен субъективті бағалауды, сондай-ақ сарапшылардан алынған бағалауды бастапқы деректер ретінде пайдалана алатын әдістерге сүйенуі тиіс;

3) Болжамды қажеттіліктер туралы белгілі бір мағынада айту одан әрі жетілдіру, яғни сапаны арттыру бағытын белгілейді: егер өндіруші тұтынушы бүгінгі күні білдіре алатын тілектер мен талаптарды ғана емес, сонымен бірге болашақта анықталуы және білдірілуі мүмкін талаптарды да қамтыса, ертеңгі өнімнің тұтынушысы оның сапасын жоғары бағалайды.

Бүгінгі таңда "сапа" ұғымының әр түрлі авторлық түсіндірмелері мен анықтамалары бар ондаған жарияланымдарды табуға болады, олар нақты экономикалық мәселелерді, сондай-ақ стандарттау және сапаны басқару міндеттерін шешуде қолданылады [11]. Мұндай анықтамалардың толық шолуы мен жіктелуін табуға болады, мысалы; жұмыста және басқаларында. Сапаны анықтауға деген көзқарастардағы айырмашылықтар зерттеу объектісіне байланысты әртүрлі қолданбалы зерттеулерде осы тұжырымдаманың әртүрлі аспектілері басым болатындығына байланысты: экологиялық, технологиялық, экономикалық, қолдану қауіпсіздігі және т. б. [20,21,22,23]

ISO сериялы стандарттарына енгізілген сапа анықтамасының соңғы нұсқасы ISO 9001-2015 «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелері мен сөздігі» [23].

Бұл стандарт сапаны келесідей анықтайды: "Ұйымның өнімдері мен қызметтерінің сапасы тұтынушыларды қанағаттандыру қабілетімен және тиісті мүдделі тараптарға қасақана немесе байқаусызда әсер етумен анықталады».

Талаптарды белгілеген субъектінің еркіне байланысты өнім немесе қызмет сапалы болуы немесе болмауы мүмкін. Сапа менеджменті жүйелерімен байланысты ISO 9000 сериялы стандарттардың негізгі мазмұнына тиместен (см. [22,23], сапа категорияларын және бірқатар жақын категорияларды талдаумен ғана шектеле отырып, осы негізгі ұғымдарды анықтаудағы соңғы өзгерістер өнімді өндіру мен жеткізуде барлық тараптар біржақты түсіндіретін заңды түрде тексерілген тұжырымдамаларға қол жеткізуге бағытталған деп қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, бұл сапа ұғымын анықтаудың

конструктивтілігі, бағалау (өлшеу) жолдарын және кейінгі сапаны басқару үшін математикалық модельдерді құру - белгілі бір мағынада жоғалуына әкелді. Стандарттың соңғы нұсқасының терминологиясына қатысты бірқатар сын-ескертпелер де бар [21,24,25,26].

ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттар сапаны басқару жүйелерін дамытудың негізі және нормативтік базасы болып табылады. Оларға енгізілген Жалпы қағидаттар және олардың негізінде жасалған, өндірістің әр түрлі салаларында және қызмет көрсету салаларында жеткізуші ұйымдарға қолданылатын типтік модельдер, - өз кезегінде сапаны сипаттайтын және осы көрсеткіштердің белгіленген талаптар мен нормативтерге сәйкестік дәрежесін белгілеуге арналған көрсеткіштерді кешенді бағалау әдістемелерінің кең спектрін құруды талап етеді. Мұндай әдістерді құру сапаны басқарудың құзыретіне жатады — теориялық негіздері Г.Г. Азгальдов, Ю.П. Адлер, В.Н. Азаров, А.В. Гличев, А.Г. Варжапетяна А.И. Субетто шетелдік және Ресейлік ғалымдарының еңбектерінде қаланған ғылыми пән [27-37].

Қызмет деп мемлекетаралық стандарт МЕМСТ 30335-95 (МЕМСТ Р 50646-94) "Халыққа қызмет көрсету. Терминдер мен анықтамалар» [38] "Орындаушы мен тұтынушының тікелей өзара іс-қимылының нәтижесін" түсінуді ұсынады, сондай-ақ тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыру бойынша орындаушының өз қызметін», ал қызмет сапасы бойынша "тұтынушының белгіленген немесе болжамды қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін анықтайтын қызмет сипаттамаларының жиынтығы» - ISO 8402-86 сәйкес сапаны жалпы анықтау арнасында жатады [21]. Қызмет әдетте материалдық емес.

Осы серияның кейінгі стандарты, МЕМСТ Р ИСО 9000-2008 қызмет "жеткізуші мен тұтынушының өзара әрекеттесуі кезінде міндетті түрде жүзеге асырылатын кем дегенде бір әрекеттің нәтижесі" деп түсініледі [22]. Қызмет көрсету мыналарды қамтуы мүмкін, мысалы: - тұтынушы жеткізген материалдық өнімде жүзеге асырылған қызмет (мысалы, ақаулы автомобильді жөндеу);

- тұтынушы жеткізген материалдық емес өнімде жүзеге асырылған қызмет (мысалы, ауруларды диагностикалау және басқа да медициналық қызметтер, анықтамалар, өтініштер, өсиеттер, салық мөлшерін анықтауға қажетті кірістер туралы декларациялар және т. б.);

- материалдық емес өнімдерді ұсыну (мысалы, білім беру қызметтері жағдайында - ақпарат беру және білім беру);

- тұтынушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау (мысалы, тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметтер, қонақ үйлер, мейрамханалар және т.б. қызметтері).

Айта кету керек, техникалық құралдар мен қайта өңделетін материалдардың (яғни өнімнің) сапасын бағалаудан айырмашылығы, қызмет көрсету сапасын бағалау әлдеқайда күрделі міндет болып табылады. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл бағалау тақырыбын рәсімдеудің күрделілігіне, сондай-ақ деректерді объективті ретінде бірлесіп өңдеу қажеттілігіне байланысты, сонымен қатар, қызметтердің сапасына қатысты болған жағдайда субъективті жақтары туралы

айтылуы қажет. Практикалық тұрғыдан алғанда, ескерілетін көрсеткіштердің номенклатурасын анықтау, оларды сенімді бағалаудың практикалық әдістерін әзірлеу және т. б. сияқты маңызды кезеңдер бар - сондай-ақ материалдық өнімнің сапасын бағалауға қарағанда қызмет көрсету сапасын бағалауға қатысты күрделірек болып табылады. Мұның айқын себебі-материалдық өнімнен айырмашылығы, кез-келген қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар, мысалы - ұстап сезу мүмкін емес (қызметті сезіну мүмкін емес, яғни сезіну, өлшеу, дәмін тату және т. б.); - сақтауға келмейтіндігі (қызметті болашақта пайдалану үшін толтырып алуға келмейді, қоймада сақтау және т. б. мүмкін емес.); - қызмет көрсететін жерден айырып алудың мүмкін болмауы - (қызмет тек жеткізуші бірінші тұтынушымен өзара әрекеттескенде ғана тауарға айналады, ал өндірілген материалдық тауарларды тасымалдауға, сауда кәсіпорнының қоймасында сақтауға және т. б.); - қызмет көрсету сәтіне дейін оның сапасын дұрыс болжаудың мүмкін еместігі (бірнеше бірдей қызмет көрсетуге және сапасы бойынша әртүрлі нәтижелер алуға болады). Соңғы жылдары қызметтердің сапасын жан-жақты бағалау мәселелеріне отандық және шетелдік зерттеушілердің жарияланымдарында көбірек көңіл бөлінуде [9,39,42]. Нақты нарықтық қатынастар қалыптасқан және жеткілікті дамыған бәсекелестік орта қалыптасқан қызмет көрсету салаларында сапаны сипаттауға болады, біріншіден, қызметті орындаушы компанияны бағалайтын көрсеткіштердің көмегімен (мұндай көрсеткіштердің номенклатурасы-салаға байланысты өзгереді). Екіншіден, бұл сапа тұтынушылардың реакциясымен сипатталады (сату көлемі, бақыланатын нарық үлесі, сауалнама нәтижелері және т. б.) [34,35,40,41,42,43,44].

Әлеуметтік саладағы қызметтерге келетін болсақ, олардың қатарына білім беру және медициналық қызметтерден басқа, ТКШ (ЖКХ) қызметтері, әкімшілік органдардың, әлеуметтік қорғау органдарының қызметтері және т. б. жатады, олардың тұтынушылары іс жүзінде барлық халық болып табылады, - мұнда сапаны бағалау міндеті әлдеқайда күрделі. Бұл, біріншіден, осы салалардағы жағдайға байланысты, негізінен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жоғарыда аталған экономикалық көрсеткіштерді сапа деңгейінің критерилері ретінде тікелей пайдалануға болмайды. Екіншіден, сапаны бағалаудың қолданыстағы салалық әдістері (мысалы, осы қызметтерді жеткізуші мекемелерді сертификаттау модельдері, оларды мемлекеттік аккредиттеу және т. б.) негізінен, олар тиісті салалар ішінде қайтадан анықталған талаптарға сәйкестік деңгейін көрсетеді. Қызметтерді тұтынушының қанағаттану дәрежесі тиісті бағалау модельдерінде іс жүзінде аз ескеріледі.

Осылайша, объективті көрсеткіштер (белгіленген нормативтік талаптарды сақтауға байланысты) ретінде ескерілетін қызметтердің сапасын кешенді бағалауға бірыңғай тәсіл құру міндеті, сонымен қатар, субъективті көрсеткіштер (тұтынушылардың қанағаттану дәрежесін, сарапшылардың пікірлерін және т.б. көрсететін) бүгінде аз зерттелген [45,46,47].

1.2 Қызмет сапасын бағалау әдістерін талдау

1.2.1 Қызмет сапасын бағалау ерекшеліктері

Қызметтердің сапасын қамтамасыз ету және басқару мәселелері барлық уақытта өзекті болды, бірақ нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен белсенді дамуы кезінде ерекше өткір болды. Өкінішке орай, қызметтердің сапасын бағалау қиын және оны анықтау одан да қиын, өйткені қызметтер оларды тауарлардан ерекшелейтін бірқатар сипаттамаларға ие.

Қызмет-бұл қызмет көрсетуші мен тұтынушының өзара әрекеттесуі кезінде міндетті түрде жүзеге асырылатын кем дегенде бір әрекеттің нәтижесі.

Қызмет көрсету, мысалы, мыналарды қамтуы мүмкін:

- тұтынушы жеткізген материалдық өнімде жүзеге асырылған қызмет (мысалы, жөндеуді қажет ететін автомобиль);

- тұтынушы жеткізген материалдық емес өнімде жүзеге асырылған қызмет (мысалы, салық мөлшерін анықтау үшін қажетті кірістер туралы өтініш);

- материалдық емес өнімдерді ұсыну (мысалы, білім беру мағынасында ақпарат);

- тұтынушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау (мысалы, қонақ үйлер мен мейрамханаларда) [47].

Қызмет көрсету нарығы басқа нарықтарға мүлдем ұқсамайды, негізінен келесі себептерге байланысты:

1. Қызмет көрсетілгенге дейін көзге көрінбейді. Бұл қызметтерді алғанға дейін салыстыру мен бағалауды мүмкін емес етеді. Сондықтан тек күтілетін пайда мен алынған пайданы салыстыруға болады.

2. Қызметтерге тән жоғары дәрежесі белгісіздік - өнім берушілерге қиындатады жылжыту қызмет көрсету нарығы.

3. Қызмет көрсету процесінің ажырамас бөлігі-адамдар.

4. Қызметтерді өндіру, жеткізу және тұтыну процестері бір уақытта жүреді.

Қызмет көрсету-бұл кемшіліктері қызмет көрсетілгеннен кейін ғана көрінетін процестердің жиынтығы.

MEMST P ИСО 9001: 2015 7.5.2 тармағына сәйкес: «ұйым өндіріс пен қызмет көрсетудің барлық процестерін растауы керек, олардың нәтижелерін дәйекті бақылау немесе өлшеу арқылы тексеруге болмайды [22,23].

Ұйым, егер қолайлы болса, осы процестер бойынша шаралар әзірлеуі керек:

а) процестерді талдау және бекіту үшін белгілі бір критерийлер;

б) тиісті жабдықты және персоналдың біліктілігін бекіту;

в) нақты әдістер мен рәсімдерді қолдану.»

Сондықтан, қызмет көрсету процесінде компания қызмет көрсету процестерінің сипаттамалық ерекшеліктерін ескеруі керек, оларды материалдандырылған өнімнен ажыратады.

Оларды өнімнен ерекшелейтін қызметтердің негізгі сипаттамаларына материалдық болмау, өндіріс пен тұтыну процестерінің бөлінбеуі, тұрақсыздық, ұсақ сақталмауы және меншік құқығының болмауы жатады, қызметтердің қолмен ұстап көру мүмкіндігінің болмауы.

Қызметтердің негізгі сипаттамаларының бірі-олар алынғанға дейін сапаны қабылдау мен бағалаудың органолептикалық әдістері қолданылмайды. Тұтынушы сатып алғысы келетін аудио жүйенің түсін, техникалық көрсеткіштерін және жұмысын егжей-тегжейлі зерттей алады. Керісінше, шаштараз клиенті қызметті сатып алғанға дейін нәтижені көре алмайды, сол сияқты авиакомпанияның жолаушылары, тек билеті және межелі жерге апатсыз жеткізу туралы уәдесі бар [45].

Сатып алғанға дейін қызметтің материалдық сипаттамаларының болмауына байланысты сатып алудың белгісіздік деңгейі артады. Оны азайту үшін сатып алушылар қызмет сапасының "сигналдарын" іздейді. Олар сапаға қатысты өз қорытындыларын олар көре алатын орынға, персоналға, бағаға, жабдыққа және қызмет көрсету құралдарына сүйене отырып жасайды. Осылайша, қызмет өндірушінің мақсаты - белгілі бір дәрежеде қызмет көрсету дәрежесін арттыру.

Тұтынушы тілінде бұл өндіруші тұтынушы сатып алғанға дейін қызмет сапасының кепілдігін көрсетуі керек дегенді білдіреді.

Өндіріс процестерінің қызметтерді тұтынудан бөлінбеуі.

Материалдандырылған өнімдер алдымен шығарылады, содан кейін ол сақталады, содан кейін сатылады және соңында тұтынылады. Керісінше, қызметтер алдымен сатылады, содан кейін олар өндіреді және тұтынады, және бұл әдетте бір уақытта болады.

Қызмет өндірісінде әрдайым тұтынушы болғандықтан, қызмет көрсетуші мен тұтынушының өзара әрекеттесуі қызмет сапасының ерекше аспектісі болып табылады. Соңғы өнім-қызмет сапасы қызмет көрсетушіге де, тұтынушыға да байланысты. Оқытушының студенттермен өзара түсіністікке қол жеткізу қабілеті олардың үлгерім көрсеткіштеріне әсер етеді. Осылайша, қызмет көрсету саласының қызметкерлері клиенттермен сәтті жұмыс істеуге жақсы дайын болуы керек [46].

Қызметтердің бөлінбейтіндігінің екінші ерекшелігі-оларды ұсыну процесіне басқа тұтынушылардың қатысуы. Концерт тыңдаушылары, аудиториядағы студенттер, пойыз жолаушылары, мейрамханаға келушілер бір адамның қызметті тұтыну процесіне қатысады. Олардың мінез-құлқы жеке адамдардың қызметіне қанағаттану дәрежесін анықтайды. Мысалы, мейрамханадағы адамдардың көп болуы басқа келушілер үшін жайлылық атмосферасын бұзып, олардың қанағаттану дәрежесін төмендетуі мүмкін. Сондықтан менеджменттің міндеті-қызметті тұтыну процесіне қатысатын сатып алушылар басқа сатып алушылардың қанағаттануына кедергі жасамайтындығына кепілдік беру [47].

Қызмет сапасының тұрақсыздығы.

Қызметтерді өндіру және тұтыну процесі адамдардың қатысуымен байланысты болғандықтан, сапасының құбылмалы болуы қаупі бар. Қызмет сапасы оны кім, қашан, қайда және қалай ұсынатынына байланысты. Осылайша, қызмет сапасын бақылау өте қиын. Мысалы, бір қонақ үйде тіркеу қызметкері сыпайы және жақсы жұмыс істей алады, ал одан бірнеше метр қашықтықта тұрған екіншісі жабық және баяу болуы мүмкін.

Тіпті бір қызметшімен көрсетілетін қызметтердің сапасы әр тұтынушымен қарым-қатынас кезінде оның физикалық формасы мен көңіл-күйіне байланысты өзгереді. Мысалы, бір адвокат ұсынатын қызметтердің сапасы, оның көңіл күйіне қарай айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Сондықтан тұрақтылықты дәлелдеу қажет, оның ішінде статистикалық әдістерді қолдана отырып және алдын алуға бақытталған әдістермен талдау жүргізу (болжамдау), мысалы, CSI динамикасы бойынша - тұтынушының қанағаттану индексі [48].

Қызметтердің ұзақсыздығы.

Қызметтің ұзақсыздығы дегеніміз, олардың өнімдерге қарағанда, қызметтерді сақтау, қоймалау, алдын –ала өндіріп қою және т. б. мүмкін емес. Белгілі бір уақытта сатылмаған қызмет, бұл өтелмейтін мәңгі жоғалған мүмкіндік. Кейбір елдерде дәрігерлер пациент жіберіп алған кездесу үшін ақы алады, өйткені қызметтің мәні белгілі бір уақытта ғана пайда болады және пациент келмеген кезде жоғалады. Немесе билеттер сатылмаған кинотеатрдағы орындар-бұл кинотеатр қызметін тұтынуды құрудың және сатуды қамтамасыз етудің жіберіп алған мүмкіндігі, сондықтан барлық сессияларға барлық билеттерді сату маңызды. Бұл күннің әртүрлі уақыттарындағы киносеанстар бағасының икемділігін түсіндіреді. Егер оларға сұраныс жеткілікті тұрақты болса, қызметтердің бұзылуы проблема тудырмайды. Егер ол ауытқуларға ұшыраса, онда қызмет өндірушілер қиын жағдайға тап болады. Демек, қызмет көрсету ұйымдары тұрақты және өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз ету үшін ұсынылатын қызметтердің сапасын үнемі жетілдіріп отыруы керек [45].

Меншік құқығының болмауы.

Тұтынушылар отандық өнімді сатып алғанда, мысалы, автомобильдер немесе компьютерлер, олар өнімді шексіз уақыт аралығында пайдалануға жеке қол жеткізе алады, яғни олар өнімге ие болады және қажет болған жағдайда оны сата алады. Материалдандырылған өнімдерден айырмашылығы, қызметтер біреудің меншігі болып табылмайды. Қызметті тұтынушы оған шектеулі уақыт аралығында жиі қол жеткізе алады. Сақтандыру полисі тұтынушы сақтандыру жарнасын төлеп, оны мезгіл-мезгіл жаңартқан кезде ғана тұтынушынықы болады [47].

Қызмет көрсету процесінің қарастырылған сипаттамалары қызмет сапасын өнім сапасынан өзгеше тәуелсіз объект ретінде бөлуге мүмкіндік береді.

Қызмет көрсету процесі қызметтің өмірлік циклінің ажырамас элементі болып табылады, ол қызметтің өмір сүру сатыларының жиынтығы болып табылады: тұтынушының талаптары мен сұраныстарын бастапқы анықтаудан бастап оларды түпкілікті қанағаттандыруға дейін [49].

Әрбір процестің іске асырылу дәрежесі оның сапасын анықтайды және, сайып келгенде, қызмет көрсетудің бүкіл процесінің сапасын анықтайды. Алайда, қызмет сапасы оны құрайтын процестер сапасының қосындысы емес. Қызмет көрсету сапасын бағалау субъектісі тұтынушы болып табылады және сапа оның қанағаттану деңгейімен анықталады. Тұтынушы қызмет оның жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады ма, жоқ па, жақсы немесе жаман ба соған

қызығады, ол стандарт жақсы ма жаман ба және стандарт талаптары орындалады ма, жоқ па, қызықтырмайды. Сондықтан, өмірлік цикл жүйесінде қызметті қарастыра отырып, оның сапасын бағалаудың екі әдісі бар: орындаушы тұрғысынан (ішкі процестер сапасының жиынтығы ретінде) және тұтынушы тұрғысынан (қызметке қанағаттану дәрежесі ретінде). Қызметтің өмірлік циклі, өз кезегінде, ұйымның үлкен масштабтағы жүйесінің элементі болып табылады. Ұйымның қызметі мүдделі тараптардың - тұтынушылардың, қоғамның, иелердің, жеткізушілердің, қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттандырудан тұрады. Демек, ұйым қызметінің сапасы олардың қанағаттану дәрежесімен сипатталады [50].

Сапа менеджментінің заманауи тұжырымдамасы ұйым деңгейінде талап етілетін сапаға қол жеткізуге назар аударады, ал қолданыстағы менеджмент және сапаны қамтамасыз ету жүйелері (ISO 9000:2000, TQM, сапа саласындағы сыйлықақылар және т.б.) осы тиімділіктің сипаты ретінде сапа арқылы ұйымның жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған [51].

1.2.2 Қызмет сапасын бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдау.

Сапа - бұл өнімдерге, қызметтерге, адамдарға, процестерге және қоршаған ортаға әсер ететін күтуге сәйкес келетін немесе одан асатын динамикалық жағдай [51]. Қызмет сапасының анықтамасының бірнеше нұсқасы бар. «Сапа» ұғымының өзі көпқырлы болып келеді. Бұл түсінікке ұйымдастыру сапасы, экономикалық есеп сапасы, технологиялық құрал-жабдық сапасы, өндіріс технологиясының сапасы, экологиялық параметрлер, әлеуметтік-психологиялық қатынастар, этикалық нормалар, құқықтық және саяси қатынастар кіреді. Сапаның әрбір құрамбөлігі көрсетілген қызметтің жалпы сапасына өзінің үлесін қосады.

Қызмет сапасын бағалаудың негізгі ерекшеліктеріне келесілер жатады:

- қызмет сапасын сандық бағалаудың күрделілігі;
- қызмет сапасының көрсеткіштерін алдын ала аттестаттаудың дұрыстығының мардымсыздығы;
- көрсетілетін қызмет қоймада сақталмайды, тұтынушыға оперативті түрде көрсетіледі;
- қызметтердің материалдық көрінісі болмайды;
- қызметтердің сапасы барлық сапа көрсеткіштері бойынша кешенді түрде бағаланады [52].

Тұтынушының қанағаттанушылығын бағалау қажеттілігі тұтынушының осы нарықта қызметті таңдау туралы көзқарасын қалай қабылдайтынын түсіну қажеттілігімен түсіндіріледі, яғни кәсіпорын басшылығы тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін. Тұтынушы белгілі бір қызметті таңдау кезінде қандай өлшемдерді басшылыққа алатындығын, қызметтің қандай параметрлері оның нарықтағы жетістігі үшін маңызды екенін білу кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шынымен баға жетпес ақпарат болып табылады [53].

- мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру үшін баж мөлшерін азайту (мәселе уәкілетті мемлекеттік органдармен пысықталуда);

- көлік құралдарын тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызметтің кіші түрлерін одан әрі ұлғайту;

- жүргізуші куәліктерін алу кезінде электрондық хабарламаны ұсыну бойынша талапты алып тастау;

- сондай-ақ электрондық үкімет порталында жүргізуші куәліктерін беру бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту.

2.2 Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезеңдері және сызбасы

Зерттеу жұмыстарының бастапқы кезеңінде тақырыптың бағытын теориялық негіздеу үшін, жан-жақты материалдар жинақталып әдибеттерге талдау жүргізілді.


Екінші кезеңде қызмет көрсету саласы бойынша мемлекеттік қызмет оның ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының құрылымымен, жұмыс тәртібімен және құжаттарымен танысу және сараптау жүзеге асырылды.

Үшінші кезеңде "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының құрамындағы мамандандырылған ХҚКО жұмыс үрдісін және сонғы 5 жылдық жұмыс нәтижелері сарапталды.

Төртінші кезеңде алынған сала бойынша қызмет сапасының критерилерін, өлшеу құралдарымен индикаторларын анықтап оларды бағалауға және сапаны арттырудың алды алуға бағытталған әдістер қарастырылды.

Бесінші кезеңде мамандандырылған ХҚКО қызмет көрсету сапасын бағалауға және сапаны арттырудың алдын алуға бағытталған әдістері бойынша сараптама жүргізілді және нәтижелеріне математикалық талдау жасалды.

Алтыншы кезеңде мамандандырылған ХҚКО қызмет көрсету сапасын бағалауға бағытталған әдістемелік нұсқау дайындалды.



Сызба 4 - Зерттеуді жүргізу сызбасы

2.3 Зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемелері

Диссертациялық жұмысты орындау барысында қызмет сапасын арттыруға қажетті ақпараттарды алу және алынған ақпаратты сараптау мақсатында келесі әдістемелер қолданылды:

Халыққа қызмет көрсету қызметін және қызмет сапасын бағалау үшін:

- тіркеу әдісі;
- Парето диаграммасы;
- Исикава диаграммасы.

Халыққа қызмет көрсету үрдісін құру- IDEF0 стандарты бойынша дайындалды.

Қызмет сапасын бағалауға қажетті алғашқы ақпаратты алуға және тұтынушылардың қанағаттануын бағалау мақсатында:

- әлеуметтік сауалнама әдісі;
- тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI) әдісі.
- Маңыздылық пен тиімділікті талдау әдісі.

Қызмет сапасын бағалауға қажетті математикалық модельді құру үшін -иерархиялық сараптау әдісі қолданылды.

Мемлекеттік қызмет сапасының алдын-алуға бағытталған әдістерді талдау барысында:

1. *Қызметтердің сапасын бағалау моделін құру үшін - GAP моделі немесе үзілістерді талдау, CSI моделі немесе клиенттердің қанағаттану индексі және EPSI модельдері қолданылды. Модель IDEF0 стандарты бойынша дайындалды.*

2. *Қызметтің негізгі параметрлерін айқындау талаптар мен көрсеткіштер арасындағы байланысты орнату үшін – байланыс матрицасы әдісі қолданылды;*

3. *ҚР "Электрондық үкіметінің" күшті және әлсіз жақтарын сараптау мақсатында- SWOT-талдау әдісі және SWOT-талдауды бағалау матрицасы қолданылды.*

4. *Халыққа қызмет көрсету сапасына әсер ететін тәуекелдерді басқару үшін: - бастарту әдісі (тым тәуекелді қызметтен бас тарту); төмендету әдісі (алдын алу немесе әртараптандыру); тәуекелдің ықтималдығы шкаласы пайдаланылды.*

Халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін анықтау әдістемелік тұрғыдан алғанда, зерттеу бастапқы ақпаратты елдің белгілі бір кең тобын білдіретін респонденттердің тікелей өзінен алуға бағытталған [48,69, 222, 223].

Социологиялық зерттеудің негізгі кезеңдері [124]:

1 кезең – Дайындық. Осы кезең шеңберінде өткізу мерзімдерін, жұмыс/зерттеу тобын көрсете отырып, зерттеу жоспары мен кестесі қалыптастырылады, мониторинг үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі айқындалады және қажет болған кезде қоғамдық мониторинг әдіснамасына және/немесе құралдарына толықтырулар енгізіледі. Кабинеттік зерттеулер жүргізіледі және қорытынды Талдамалық есепте қамтылуға тиіс ақпарат айқындалады. Мемлекеттік қызмет, оны көрсету стандарттары мен регламенттері туралы бастапқы ақпаратты алу Интернет желісінде, мемлекеттік органның ресми сайтында, ЭҮП, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ақпараттың жаңару дәрежесі мен өзектілігін тіркей отырып, еркін іздеу жолымен жүргізіледі.

2 кезең – Өріс. Бұл кезең қалыптасқан іріктеу аясында бірінші кезеңде таңдалған зерттеу әдістерін қолдану арқылы әлеуметтанулық деректерді жинауды қамтиды. Сандық және сапалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы

ақпарат жинау. Олардың арасында көрсетілетін қызметті алушылардан жаппай сауалнама, "жасырын сатып алушы" әдісі бар, ол сондай-ақ ресми call-орталықтарды (орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарында көрсетілген) тестілеуді, "1414 Бірыңғай байланыс орталығын" тестілеуді, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жауапты бөлімдердің, департаменттердің, басқармалардың байланыс телефондарын тестілеуді (орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарында көрсетілген) қамтуы мүмкін), "терең сұхбат" әдісі және берілген тақырып бойынша проблемалық жағдайларды анықтауға арналған фокус-топтық зерттеулер.

3 кезең – Нәтижелерді өңдеу және талдау. Бұл кезең қорытынды болып табылады, онда алынған мәліметтерді өңдеу, талдау, жалпылау, сондай-ақ практикалық ұсыныстар дайындалады.

Техникалық ерекшелікке сәйкес әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау бойынша әлеуметтік зерттеудің негізгі қолданылатын әдістері: жаппай сауалнама, құпия сатып алушы, фокус-топтық зерттеу, терең сұхбат, мазмұнды талдау.

Көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізіледі:

"5" - "толығымен қанағаттандырылды", "толық келісемін", "өте жақсы";

"4" - "қанағаттанарлық", "келісетін", "жақсы";

"3" - "қанағаттанбаймын", "келіспеймін", "орташа";

"2" – "қанағаттанбаймын", "келіспеймін", "жаман";

"1" - "мүлдем қанағаттанбаймын", "мүлдем келіспеймін", "өте жаман". 5 балдық бағалау шкаласын түсіндіру:

5 балл – "өте жақсы", қызмет қандай да бір шағымдарсыз, шығасыларсыз немесе кедергілерсіз көрсетілген;

4 балл - "жақсы", қызмет кішігірім шағымдармен және/немесе шығындармен көрсетілген және / немесе кедергілер болған; 10

3 балл - "қанағаттанарлық", қызмет бірқатар шағымдармен, шығасылармен және кедергілермен көрсетілді;

2 балл – "қанағаттанарлықсыз", қызмет көптеген бұзушылықтармен көрсетілді, сыбайлас жемқорлық немесе өзге де кедергілер болды;

1 балл – "жұмыс жоқ", қызмет еңсерілмейтін кедергілерге, шығындарға байланысты көрсетілмеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың 5 балдық жүйесі бойынша есептеу, есептеу формуласы (1-формула):

$$Q=(n1*x1+n2*x2+n3*x3+n4*x4+n5*x5)/N1...5 (1)$$

мұндағы:

Q – Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының қанағаттану деңгейі

x1 – "1", x2 - "2", x3 - "3", x4 - "4", x5 - "5", N-тиісті баға қойған респонденттердің саны N1 ... 5-осы баға бойынша қойылған

респонденттердің жалпы саны мен өзімнің бағалауымды өлшеймін (1 баллдан 5 баллға дейін). Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау 8 негізгі өлшемшарт бойынша жүргізіледі, олар кіші өлшемшарттарға бөлінеді [125,126].

Сондай - ақ бағаларды бөлу кезінде көрсетілетін қызметті алу нысаны (қағаз және электрондық) және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу орны (көрсетілетін қызметті беруші фронт-офис және көрсетілетін қызметті беруші бэк-офис): Мемлекеттік орган, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ және "электрондық үкіметтің" веб-порталы ескеріледі.

Бағалауды және одан әрі балдарды нақты бөлу үшін қызмет көрсетушілер арасында сауалнаманың басында қызмет алушыларға қызметтің қандай нысанда (қағаз немесе электрондық) және қайда алынғанын (мемлекеттік қызметті алуға қайда жүгінген – Мемлекеттік орган, Мемлекеттік корпорация, не өзге фронт-офис), не қызметтің өз бетінше алынғанын дәл анықтауға арналған бірқатар сұрақтар қойылады, онлайн" үйден шықпай" Электрондық ресурстарда. Одан әрі сауалнама құралдарында көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалаудың негізгі 8 критерийіне сүйене отырып сұрақтар қойылады. Әрбір бағалау критерийінің кіші өлшемдері болады, олар кейіннен негізгі қызмет көрсетушілердің жауапкершілік аймақтары бойынша жатқызылады.

Клиенттер мен олардың қанағаттануы тұрғысынан ISO 9001 стратегиясының ең маңызды тармағы болып- № 8 тармақты атауға болады [23,55]. Бұл өлшеуге, талдауға және жетілдіруге қатысты. Ол клиенттердің қанағаттанушылығын бақылау әдісін міндеттемейді, бірақ мұндай зерттеулер жүргізілуі керек екендігін атап өтеді. Мұндай зерттеулер өнімдер мен қызметтердің сапасын бақылауға мүмкіндік береді, қажет болған жағдайда сапаның төмендеуіне немесе қанағаттануға жауап беруге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеуде клиенттердің қанағаттану индексі (CSI) қызмет сапасына қанағаттану деңгейін анықтау үшін өлшенеді. Тжиптоно 2012 жылы өз зерттеуінде CSI қызмет сапасының көрсекіштерінің маңыздылығын ескере отырып, тұтынушылардың қанағаттанушылығының жалпы деңгейін анықтайтын шара деп мәлімдеді [127]. CSI нәтижелерін тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсарту мақсатын анықтау үшін сілтеме ретінде пайдалануға болады. Бірнеше зерттеулерде әр түрлі салада тауардың және қызметтің сапасына тұтынушылардың қанағаттанушылығын CSI-мен өлшеген [127,128,129,130, 219, 221].

Деректер SPSS 20 көмегімен дисперсиялық талдауды (ANOVA) қолдана отырып талданды.

Клиенттердің қанағаттану деңгейін зерттеудің көптеген әдістері бар. Бұл сандық және сапалық әдістер [69]. Сондай-ақ сапаны және қанағаттанушылықты зерттеумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар әзірлеген модельдер де бар [130, 132-137]. Кестеде қанағаттануды бағалау үшін қолданылатын ең көп таралған көрсеткіштер көрсетілген.

Кесте 2 - Тұтынушылардың қанағаттануын бағалаудың негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Көрсеткіштің сипаттамасы
1	Тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI)	Тұтынушылардың қанағаттанушылығын сипаттауда, клиенттердің қанағаттанушылығының және жалпы өнім мен қызметтің маңыздылығы тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Тұтынушылардың үміттерін және олардың қанағаттанушылығын өлшейді. Белгілерді (өлшемдерді) бағалау үшін салмақтау жүйесін пайдаланады.
2	Американдық тұтынушылардың қанағаттану индексі (ACSI)	Американдық қанағаттану индексі алғаш рет 1994 жылы жарық көрді. Бұл тұтынушылардың отандық және импорттық тауарлар мен қызметтердің сапасына қанағаттануын өлшейтін макро деңгей көрсеткіші
3	Клиенттермен қарым-қатынасты басқару (CRM)	Негізгі мақсаты клиенттермен ұзақ мерзімді оң қарым-қатынас құру болып табылатын стратегия. Оның негізі тұтынушылық құндылықты дұрыс анықтау, тұтынушылық құндылықты құру, таңдалған тұтынушыларға жүгіну, олардың үміттерін қалыптастыру, клиенттерге күтілетін құндылықты ұсыну болып табылады

Еуропада ең көп қолданылатын көрсеткіш-тұтынушылардың қанағаттану индексі болып табылады [130]. Бұл көрсеткіштің ең маңызды ерекшелігі болып -ол қанағаттануға және қанағаттану деңгейіне әсер ететін жеке компоненттердің маңыздылығын өлшейді.

Ол үшін 2-кестеде көрсетілген әдістердің ішінен «Тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI)» әдістемесі таңдалды. Бұл әдістеме арқылы тұтынушының қанағаттану деңгейі баллдық жүйемен анықталды және әр бағыттың маңыздылығы анықталады.

Мемлекеттік қызметтің сапасы жалпы 15 көрсеткіш бойынша бағаланды. Алайда тұтынушылардың қанағаттануына әсер ететін әлеуметтік себепшарттар ең басты жетекшілік қағидат ретінде 5 көрсеткіштерді бөліп шығарды. Ол көрсеткіштер: инфрақұрылым, күту уақыты, мемлекеттік қызметтің қолжетімдігі, қызмет көрсету құзыреттілігі, қызметтерді электронды түрде алу, техникалық жабдықталуы.

Сонымен қатар Парасураман және Сьюкри (2014) [138] әзірлеген қызмет көрсетудің бес өлшемі пайдаланылды. Ол өлшемдер: материалдық, сенімділік, жауап алу сапасы, тыңғылықтылық және тілектестік. Мемлекеттік мекемеде көрсетілетін қызметтің сапасын анықтау үшін сауалнама сұрақтар тізімі әзірленді. Оның мәні X-белгісімен белгіленеді, ал маңыздылық деңгейі – У белгісімен белгіленеді. Одан әрі тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI) және

маңыздылық пен сапалықты талдау (IPA) жүргізіледі. Көрсетілетін қызмет сапасын бағалау атрибуттарын 3-кестеден көруге болады.

Кесте - 3 Халыққа арнайы қызмет көрсету орталығында көрсетілетін қызметтің көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Сапа өлшемдері
1	Мемлекеттік қызмет қызе стандартына сәйкес көрсетіледі	Сенімділік
2	Қызмет көрсетушілер қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, сыпайы, жылы шыраймен қызмет көрсете алады	Сенімділік
3	Тұтынушылар халыққа қызмет көрсету орталығының басшысымен кездесіп тілдесе алады және шағымдарды, сындар мен ұсыныстарды қабылдауға дайын	Сенімділік
4	Тұтынушыға берілетін мәліметтерде, дайын құжаттарда қателердің болмауы	Сенімділік
5	Мемлекеттік қызмет халыққа қол жетімді	Тілектестік, жанашырлық
6	Қызмет көрсету орталығы тұтынушыларға шешімдер мен артықшылықтар бере алады	Тілектестік, жанашырлық
7	Қызмет көрсетушілер қызмет көрсету уақытының тәртібін, кезек күту уақытын қатаң сақтайды	Тыңғылықтылық
8	Қызмет көрсетушілер тұтынушыларға қажетті құжаттарды түгендеп әкелуге уақыт береді	Тыңғылықтылық
9	Қызмет көрсетушілер өз жұмысын жақсы біледі, құзыреттілік	Тыңғылықтылық
10	Қызмет көрсету орталығы арыз- шағымдар мен өтінімдерге тез жауап қайтарады	Сезімталдық немесе жауап беру сапасы
11	Әкімшілік қызметкерлер тұтынушыларға қажет барлық ақпаратты біледі	Сезімталдық немесе жауап беру сапасы
12	Қызмет көрсету орталығында қолайлы орындар мен жиһаздар, құрал-жабдықтар, инфрақұрылым бар	Материалдық
13	Тұтынушылардың қызметтерді электронды түрде алуы, техникалық жабдықталуы	Материалдық
14	Көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат, нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттар тұтынушыларға қол жетімді	Материалдық
15	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және төлеу тәсілдері	Материалдық

Тұтынушылардың қанағаттану индексіні үздіксіз өлшеніп отыру керектігін бірқатар авторлар мәлімдеген болатын [128,129,136]. ТҚИ өлшеу 4 сатыдан құралады. Біріншіден, маңыздылықтың орташа баллын (МОБ) (формула 2) және қанағаттанудың орташа баллын (ҚОБ) (формула 3) анықтайды. Бұл мән әр респонденттің маңыздылығы мен өнімділігінің орташа деңгейінің туындысы болып табылады.

$$\text{МОБ} = \frac{\sum_{i=1}^n Y_i}{n} \quad (2)$$

$$\text{ҚОБ} = \frac{\sum_{i=1}^n X_i}{n} \quad (3)$$

Мұндағы: n = респонденттер саны
 Y_i = i атрибут маңыздылығының мәні
 X_i = i атрибутының өнімділік мәні

Екіншіден, салмақтық коэффициенті (СК) есептеледі. Барлық атрибуттардың жалпы орташа маңыздылық баллына (MIS) қатысты әр атрибуттағы орташа маңыздылық баллдың пайыздық мәні. Оның формуласы (4):

$$\text{СК} = \frac{\text{МОБ}}{\sum_{i=1}^P \text{МОБ}_i} * 100\% \quad (4)$$

Мұндағы: P = маңыздылық атрибуттарының саны
i = қызметтік атрибут

Үшіншіден, салмақтық баллы (СБ) өлшенеді. Бұл мән салмақтық коэффициентін (СК) қанағаттанудың орташа деңгейіне (ҚОД) көбейту арқылы алынады. Теңдеуді келесідей қарастыруға болады (5):

$$\text{СБ}_i = \text{СК}_i \times \text{ҚОБ}_i \quad (5)$$

Төртіншіден, бұл CSI мәнінің анықтамасы. Тұтынушылардың қанағаттану шкаласы әдетте индекс шкаласын нөлден бір немесе нөлден жүзге дейін түсіндіру үшін қолданылады. Теңдеудің формуласы бар (6):

$$\text{CSI} = \frac{\sum_{i=1}^n \text{МБ}_i}{5} 100\% \quad (6)$$

Зерттеудегі CSI мәндері 5 санатқа бөлінеді (4-кесте).

Кесте 4 – Тұтынушылардың қанағаттану индексі шкаласы (SCI) [139]

№	Индекс мәні	Ескерту
1	81%-100%	Өте қанағаттанарлық
2	66%-80,99%	Қанағаттанарлық
3	51%-65,99%	Орташа қанағаттанарлық
4	35%-50,99%	Төмен қанағаттанарлық
5	0%-34,99%	Қанағаттанарлықсыз

Бұл талдау сапа көрсеткіштерінің маңыздылығы мен тұтынушылар қабылдайтын қызмет тиімділігін байланыстырады [140,141,142]. IPA талдаудың бірінші сатысында әрбір сапа көрсеткішінің маңыздылығы мен тиімділігінің орташа мәні келесі формуламен есептеледі:

$$X_i \frac{\sum_{i=1}^k X_i}{n} \quad (7)$$

$$Y_i \frac{\sum_{i=1}^k Y_i}{n} \quad (8)$$

Мұндағы:

X_i - i көрсеткіштің тиімділігінің орташа мәні

Y_i - i көрсеткіштің маңыздылығының орташа мәні

n – респонденттер саны

Екінші сатыда барлық көрсеткіштердің маңыздылығы мен тиімділігінің орташа мәні, ол төмендегі формуламен есептеледі (9,10)

$$\bar{X}_i \frac{\sum_{i=1}^k \bar{X}_i}{p} \quad (9)$$

$$\bar{Y}_i \frac{\sum_{i=1}^k \bar{Y}_i}{p} \quad (10)$$


Мұндағы:

\bar{X} - орташа өнімділік көрсеткішінің мәні

\bar{Y} - орташа маңыздылық көрсеткішінің мәні

p – көрсеткіштердің саны

Мұндағы x мәні көлденең оське перпендикуляр кесіледі, Y осі қызметтің көрсетілуіне қанағаттануын көрсетеді (x). Ал Y_i мәні вертикаль оське перпендикуляр орналасады. X осі (y) элементтердің маңыздылығын көрсетеді [143,144]. Тиімділік пен маңыздылықтың салмақтылығы мен көрсеткіштердің тиімділігі мен маңыздылығының орташа мәнін анықтағаннан кейін нәтижелер Декарт координатасында бейнеленеді. IPA графигін интерпретациялау үшін диаграмма тиімділік пен маңыздылықты өлшеу негізінде 4 квадрантқа бөлінеді (5-сызба).



Сызба 5 – Маңыздылық-тиімділікті талдаудың 4 квадранты [145]

5-сызбада берілген маңыздылық пен тиімділік (IPA) диаграммасы 4 бөлімнен тұрады, яғни:

- квадрант I, бөлімде салыстырмалы түрде маңыздылығы жоғары көрсеткіштер, бірақ тиімділігі тұтынушылардың күткенін қанағаттандырмайды. Осы салаға енген көрсеткіштер шұғыл түрде жақсартылуы тиіс;

- квадрант II, бөлімде маңыздылық және қанағаттанушылық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер шоғырланған. Бұл квадранттағы элементтер тұтынушылардың қанағаттануына қосымша фактор ретінде қарастырылады, сондықтан оның тиімділік дәрежесін жоғары ұстап тұру керек. Себебі ол көрсеткіштер тұтынушылардың пікірінше көрсетілетін қызметтің артықшылығын сипаттайды.

- квадрант III, бөлім маңыздылық және қанағаттанушылық деңгейі салыстырмалы түрде төмен элементтерден тұрады. Бұл квадранттағы элементтер тұтынушының қанағаттануына мардымсыз әсер етеді.

- квадрант IV, бөлімде маңыздылығы салыстырмалы түрде төмен, ал тиімділік дәрежесі салыстырмалы жоғары көрсеткіштер жиналған. Демек осы көрсеткіштерге жұмсалатын қаржыны үнемдеп, рационалды пайдалануға ұсыныс жасалады.

Келесі кезекте респондент ретінде қабылданатын, сауалнама жүргізілетін халық тобы анықталады. Алматы қаласы бойынша халыққа арнайы қызмет көрсету орталығында көлік жүргізу куәлігін алу қызметін зерттеу кезеңінде 130285 адам пайдаланды. Словин формуласын [146] пайдалана отырып 10% ақаулықпен сауалнама 18-65 жас аралығындағы 120 қызмет тұтынушылардан сұралды және алынған нәтижелер бойынша сапа көрсеткіші және көрсеткіштің маңыздылығы бойынша жинақталған баллдардың орташа мәні есептелді.

Мәліметтерді талдау әдісі сауалнама сұрақтарының сенімділігі мен жарамдылығының деңгейін өлшеу үшін SPSS 20 статистикалық бағдарламасы пайдаланылды. Егер сұрақтарға жауаптар дәйекті түрде, бірдей уақыт аралығында берілген болса, сауалнама сенімді болып саналады. Осы статистикалық бағдарлама арқылы α -Кронбах [147] статистикалық сынақтың көмегімен сауалнаманың сенімділігі өлшенді. Егер α -Кронбах мәні $\geq 0,60$ болса сауалнама сұрақтары сенімді деп қабылданады. Сауалнаманың дұрыстығы мен сенімділігін тексеру нәтижелері 5-кестеде берілген.

Статистикалық өңдеу «Statistica 10» (StatSoft, АҚШ) бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Бағдарлама сұрақтар арасындағы корреляция коэффициенттерін есептейді, содан кейін орташа мәнді табады және формула бойынша альфа Кронбах есептеледі. Статистикалық маңыздылық деңгейі ретінде $P < 0,05$ алынды. Кронбах Альфасын есептеу мына формула бойынша жүргізілді: $\alpha = N * r / (1 + r * (N - 1))$, мұндағы N – зерттелетін компоненттер саны, r – орташа құраушылар арасындағы корреляция коэффициенті [146,147].

Альфа Кронбах интерпретациясы: [0,9; 1] Өте жақсы; [0,8; 0.9] Жақсы; [0,7; 0,8] Жеткілікті; [0,6; 0.7] Күмәнді; [0,5; 0.6] Нашар; [0; 0.5] жеткіліксіз.

Бұл шкаланың ұтымды ішкі сәйкестігін, яғни респонденттердің сұрақтарды оңай түсініп, қабылдауын көрсетеді.

Кесте 5 – Сауалнама сұрақтарының сенімділігі мен жарамдылығы

Элементтер бойынша жалпы статистика				
Сұрақтар	Орташа мәні	Ауытқушылық мәні	Позициялардың түзетілген жалпы корреляциясы	α -Кронбах мәні
1-сұрақ	49,10	68,49	0,62	0,81
2-сұрақ	49,32	68,60	0,48	0,85
3-сұрақ	49,20	68,74	0,43	0,87
4-сұрақ	49,11	66,23	0,64	0,80
5-сұрақ	48,25	67,31	0,68	0,75
6-сұрақ	48,30	67,02	0,50	0,86
7-сұрақ	48,11	68,91	0,47	0,74
8-сұрақ	49,70	65,28	0,63	0,86
9-сұрақ	49,30	64,96	0,76	0,77
10-сұрақ	48,20	67,30	0,73	0,82
11-сұрақ	48,15	68,45	0,61	0,84
12-сұрақ				
13-сұрақ				
14-сұрақ				
15-сұрақ				
Сенімділік статистикасы				
Сұрақтар саны	11		α -Кронбах мәні	0,815

Сауалнаманың бағыттарын зерттеу барысында «Азаматтарға арналған үкіметтің» бағыттарын алдық, себебі бұл бағыттар сол саланың басты мамандарының таңдауы. Одан бөлек біздің мақсатымыз сауалнама бағытын өзгерту емес. Осы сауалнама барысында алынатын ақпараттың жан-жақты болуы және нәтижесі бойынша жақсартуға бағытталып жасалынатын жоспарды дайындауға ыңғайлы болуы. Сонымен біздің сауалнаманың бағыттары келесідей:

1. «Инфрақұрылым»;
2. «Күту уақыты»;
3. «Мемлекеттік қызметтің қолжетімдігі»;
4. «Қызмет көрсету құзыреттілігі»;

5. «Қызметтерді электронды түрде алу, техникалық жабдықталуы».

Осы бағыттар бойынша қызметтің сапасын анықтауға бағытталған 15 сұрақтан тұратын сауалнама дайындалды. Сауалнаманы құру кезінде сұрақтар бойынша сапаның қанағаттану деңгейін және бағыттың маңыздылық деңгейін бағалауда 7 сатылы Лайкерт шкаласы қолданылды. Сапа деңгейін анықтау барысында 7 балл «Өте жақсы» 1 балл «Өте жаман» болса, маңыздылық деңгейін анықтау барысында 7 балл «Өте маңызды» 1 балл «Маңызды емес» дегенді білдіреді.

Сауалнама нәтижесі бойынша әлеуметтік сауалнаманың CSI индексі есептелді және қандай көрсеткіштер тұтынушылардың көңілінен шығатындығы және қайсысын жақсарту қажеттігін көрсетіп тұратын диаграмма дайындалды.

Тұтынушының қанағаттану коэффициентін (ҚК) келесі формула бойынша анықтайды (11):

$$ҚК = \frac{\sum(Y_i \cdot B_i)}{M} \quad (11)$$

Бұл жерде Y - сауалнаманың i сұрағы бойынша тұтынушы беретін баллдық баға;

B_i - тұтынушының қанағаттанушылығын бағалаудағы сауалнама мәселесі бойынша бағаланатын өлшемнің салмағы;

M – маңыздылықтың орташа мәнінің жиындығы

3. АРНАЙЫ ХҚКО-ДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ РЕГЛАМЕНТТЕРІ

Арнайы ХҚКО- да Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралын тіркеу туралы куәліктер және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру мемлекеттік қызмет көрсету тәртібімен жұмыс жасайды.

Мемлекеттік қызметті алу үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бар жеке және заңды тұлғалар Мемкорпорацияның филиалдары немесе "электрондық үкімет" порталы (ЭҮП) арқылы "Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес құжаттар пакетін ұсынады, онда мемлекеттік қызметтерді ПО аумақтық бөліністері (көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді [108].

Көлік құралдары (КҚ) жеке тұлғаларға олардың тұрғылықты жерінің тұрақты тіркелген орны бойынша тіркеледі. Заңды тұлғаларға көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу олардың тіркелген заңды мекен-жайына сәйкес, ал филиалдар мен өкілдіктерге оларды тіркеу орны бойынша жүргізіледі [108].

КҚ-рын тіркеу есептен шығаруды қоспағанда, мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік баждар мен алымдар "Салық және бюджетке төленетін

басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес төленеді [109].

Құжаттар пакетін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) Мемкорпорация арқылы:

Мемкорпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының деректерін және баждар мен салымдарды төлеу, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген, көлік құралдарын бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындауы, көлік құралына салық төлеу, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл түрінде әкімшілік жазаға тарту туралы қаулының және (немесе) айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманың мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелері арқылы орындалуы туралы мәліметтерді тексереді, 20 минут ішінде қажетті құжаттар пакетін қабылдайды, қабылданған құжаттардың электронды көшірмелерін жасайды, электрондық өтінішті қалыптастырады, электрондық-цифрлық қолтаңба қояды, актіні қағаз тасымалдағышта басып шығарады және көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен сәттен бастап иесінің және көлік құралының іздестіруде (шектеулер, тыйым салулар) болуы мәніне оларды тексереді, толтырылу дұрыстығына сканерленген құжаттарды электрондық өтініммен салыстырады, 15 минут ішінде өтінімді бекіту немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қалыптастырылған өтінім 5 минут ішінде онлайн-режимде көрсетілетін қызметті берушіге бекітуге түседі, бекітілген жағдайда өтінім жеткізушінің принтеріне автоматты түрде келіп түседі және КҚТК 5 минут ішінде басып шығарылады.

Иесінің деректері немесе оның көлік құралының деректері, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының деректері іздестіру базасында болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады және тиісті шаралар қабылдау үшін ақпаратты аумақтық ПО бөлімдеріне дереу береді.

Дайындалған КҚТК-ін жеткізуші 5 минут ішінде Мемкорпорацияның қызметкеріне құжаттарды беру секторына береді.

Дайындалған КҚТК мен берілген МТНБ-ларды Мемкорпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға (КҚ иесіне) немесе сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкіліне (жеке тұлғалар үшін нотариаттық куәландырылған) жеке басты куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша бұрынғы КҚТК, МТНБ (олар болған жағдайда) тапсырған кезде береді.

Мемкорпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушылардан қабылдаған және көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру үшін негіз болған құжаттар сканерленеді және

көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша номенклатуралық іске тігіледі, сандық тәртіппен нөмірленеді, Мемкорпорация филиалының басшысы қол қояды және қағаз түрінде Мемкорпорация филиалында 3 жыл, электронды түрде Мемкорпорацияның серверінде тұрақты негізде сақталады.

Қағидалардың көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет аяқталған деп есептеледі.

2) ЭҮП арқылы жүгінген кезде құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 60 минутты құрайды.

Электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызмет "бір өтініш" қағидаты бойынша композиттік болып табылады, ол кезде көлік құралын есептен шығару және тіркеу жүргізіледі:

- көрсетілетін қызметті беруші жолданған өтінімді қабылдайды, иесін және көлік құралын олардың іздестіру базасында болуы мәніне тексереді және 20 минут ішінде көлік құралын есептен шығаруға арналған өтінімді бекіту туралы немесе тіркеу бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

- көрсетілетін қызметті беруші көлік құралы есептен шығарылғаннан кейін көлік құралының жаңа иесін оның іздестіру базасында болуы мәніне тексереді және 20 минут ішінде көлік құралын жаңа иесіне тіркеуді бекіту туралы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

- бекітілген өтінім КҚТК шығару үшін принтерге автоматты түрде жіберіледі және 5 минут ішінде КҚТК дайындалады. КҚТК дайындалғаннан кейін автоматты режимде 5 минут ішінде "электрондық үкімет" порталы арқылы: бұрынғы иесіне КҚ-ның есептен шығарылғаны туралы, жаңа иесіне дайындалған КҚТК мен берілген МТНБ орналасқан жері туралы хабарлама жеткізіледі;

- хабарламаны алған кезде көрсетілетін қызметті алушы (КҚ-ның жаңа иесі) Мемкорпорацияға жүгінеді, Мемкорпорацияның қызметкері 10 минут ішінде бұрынғы КҚТК-ны, МТНБ-ны қабылдайды және көрсетілетін қызметті алушыға немесе жеке басты куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкіліне жаңа МТНБ мен КҚТК береді.

Қағидалардың 72-тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-әрекеттер орындалғаннан кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет аяқталған деп есептеледі.

"Көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі 6-кестеде берілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (көрсетілетін қызметті алушылар) Мемкорпорацияның филиалдары немесе "электрондық үкімет" порталы (ЭҮП) арқылы осы қағидаларға сәйкес "Көлік құралы үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес құжаттар пакетін ұсынады, онда мемлекеттік қызметтерді ІО аумақтық бөлімдері (көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Мемкорпорацияның құжаттарын қабылдаудан жазбаша дәлелді бас тарту береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз және электронды түрде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің (МТНБ) телнұсқасын беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға немесе нотариаттық расталған сенімхаттың негізінде әрекет ететін оның өкіліне беріледі.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабына сәйкес көлік құралының МТНБ телнұсқасын беру үшін мемлекеттік баж: саны 2 бірлік МТНБ телнұсқасын беру үшін - 2,8 АЕК, саны 1 бірлік - 1,4 АЕК құрайды [109].

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе "электрондық үкімет" порталының төлем шлюзі арқылы қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілмен төленеді.

Мемкорпорацияда құжаттарды қабылдау кезінде:

1) Мемкорпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының деректерін және тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы баждар мен алымдарды төлеу туралы мәліметтерді тексереді, 20 минут ішінде қажетті құжаттар пакетін қабылдайды, электрондық өтінішті қалыптастырады, электрондық-цифрлық қолтаңба қояды және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді;

2) уәкілетті органның қызметкері өтінімді қабылдайды, иесін (көрсетілетін қызметті алушыны) және КҚ-ны олардың іздестіруде болуы мәніне тексереді, 20 минут ішінде өтінімді бекіту немесе телнұсқалар беру бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

3) өтінішті алған кезде уәкілетті органның қызметкері қағидаларға сәйкес МТНБ телнұсқасын дайындауға арналған жиынтық өтінімге МТНБ деректерін енгізеді және жұмыс уақытының соңына дейін Жеткізушіге МТНБ телнұсқасын дайындауға өтінімді жолдайды;

4) уәкілетті органда Жеткізушіден МТНБ қабылдауды материалдық жауапты адам оларды алған күні Жеткізуші жүкқұжатының, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТНБ қабылдау актісінің негізінде жүзеге асырады;

5) уәкілетті органның материалдық жауапты адамы қабылдау күні дайындалған МТНБ телнұсқасын жүкқұжат бойынша Мемкорпорацияға береді;

6) Мемкорпорация қызметкері 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыға МТНБ телнұсқасын береді.

Құжаттарды "электрондық үкімет" порталы (ЭҮП) арқылы қабылдаған жағдайда:

1) көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП-де электрондық-цифрлық қолтаңбасын (ЭЦК) белсендендіреді, барлық деректемелік деректерді

толтырады, ЭҮТШ арқылы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген баж салығын төлеуді жүргізеді және өтінімге ЭЦҚ қояды;

2) уәкілетті органның қызметкері өтінімді қабылдайды, олардың іздестіруде болуы мәніне иесі (көрсетілетін қызметті алушы) мен КҚ-ны тексереді, 20 минут ішінде өтінімді бекіту немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Кесте 6 - "Көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын беру" және "Жүргізуші куәліктерін беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты [108]

Көлік құралдары үшін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын беру	Жүргізуші куәліктерін беру
<i>Көрсетілетін қызметті берушінің атауы</i>	
ІІМ аумақтық бөліністері	ІІМ аумақтық бөліністері
<i>Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері</i>	
1) Мемкорпорация; 2) www.egov.kz ЭҮП арқылы.	1) Мемкорпорация; 2) www.egov.kz ЭҮП арқылы.
<i>Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі</i>	
Мемлекеттік корпорация арқылы Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары үшін 5 жұмыс күні, облыстар мен Шымкент қаласы үшін 15 жұмыс күні.	Мемлекеттік корпорация арқылы - 120 минут ЭҮП арқылы - 60 минут.
<i>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі</i>	
МТНБ телнұсқасы	Жүргізуші куәлігі
<i>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</i>	
2 дана - 2,8 АЕК, 1 дана - 1,4 АЕК	ЖК үшін мемлекеттік баж - 1,25 АЕК
<i>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі</i>	
Мемлекеттік корпорацияға: 1) жеке басты куәландыратын құжат; 2) МТНБ үшін баж төлеу; 3) бұрынғы МТНБ болған кезде ол телнұсқа берген кезде тапсыруға жатады; ЭҮП: 1) көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП-де электрондық-цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі - ЭЦҚ) белсендендіреді, оның атына берілген МТНБ-ны таңдап, барлық деректемелік деректерді толтырады; 2) МТНБ үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" ҚР Кодексінде белгіленген баждар мен алымдарды төлеуді, оның ішінде ЭҮТШ арқылы төлеуді жүргізеді. 3) бұрынғы МТНБ болған кезде ол телнұсқа берген кезде тапсыруға жатады.	Мемлекеттік корпорацияға: 1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін); 2) медициналық анықтама мен оның көшірмесі; 3) мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат; 4) курстарды аяқтағаны туралы куәлік пен оның көшірмесі (өзіндік даярлық жағдайларын қоспағанда) ұсынылады. ЭҮП: 1) көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП-де ЭЦҚ белсендендіреді, барлық деректемелік деректерді толтырады; 2) медициналық анықтаманың сканерленген көшірмесі; 3) мемлекеттік баж төлемі.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, өтініштерді қабылдаудан бас тарту үшін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

Мемлекеттік корпорация:


- 1) тиісті өтінімді қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе толық көлемде ұсынбаған, сондай-ақ оқылмайтын, қарындашпен орындалған, түзетулері, қосып жазылулары, сызылған сөздері, сондай-ақ ескертілмеген түзетулері бар құжаттарды ұсынған;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін білдіруге өкілеттігі жоқ адам Мемкорпорацияға жүгінген;
- 3) ақпараттық жүйелерде мемлекеттік баж төленгені туралы мәліметтер болмаған;
- 4) жүгінген адамда айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы уақтылы орындалмаған қаулы және (немесе) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама болған жағдайда, оларды орындағанға дейін мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдамайды және өтінімді қалыптастырмайды.

Көрсетілетін қызметті беруші:

- 1) көлік құралдарын пайдалануға тыйым салулар мен шектеулер болған;
- 2) ҚР заңнамасына сәйкес терроризм мен экстремизді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген адам көлік құралдарын тіркеу органына жүгінген;
- 3) иесі (немесе оның өкілі) және (немесе) көлік құралы іздестіруде болған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші:

- 1) көлік құралдарын басқаруға тыйым салулар мен шектеулер болған;
- 2) ҚР заңнамасына сәйкес терроризм мен экстремизді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген адам көлік құралдарын тіркеу органына жүгінген;
- 3) иесі (немесе оның өкілі) іздестіруде болған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.



Сызба 6 - Көлік құралдарын басқару құқығына емтихандар өткізу және жүргізуші куәліктерін беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің блок-сызбасы

Қазіргі уақытта жүргізуші куәлігін алудың 2 жолы бар: «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына өтініш беру арқылы, және тек жүргізуші куәлігін ауыстырған жағдайда электрондық үкімет порталы арқылы. Қажетті құжаттар: [108] ереженің 7-қосымшада берілген үлгідегі өтініш, жеке басын куәландыратын құжат, медициналық анықтама (073-нысан) курстың аяқталуы туралы куәлік, мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжат, «С», «D1», «D», «Тm», «Тб» қосымша санаттарын беру үшін жұмысын тәжірибесін растайтын құжат. «А», «В», «А1», «В1» кіші санатты КҚ басқару құқығын алуға үміткер және өздігінен дайындалған адамдар курсты оқығаны туралы куәлікті ұсынуға міндетті емес, олар емтиханды Мемлекеттік корпорация ғимараттарында және автоматтандырылған автодромда тапсырады.

Көлік құралыг басқару құқығынан айыру ерзімі аяқтағаннан кейін жүргізуші куәлігін алу үшін жол жүру ережелері бойынша теориялық емтихан тапсырады. Жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оны ауыстыру үшін теориялық және пратикалық емтихан тапсырмайды.

Жүргізугі куәлігі келесі жасқа толған адамдарға берілуі мүмкін:

- «А1» кіші санатының көлік құралдары – 16 жасқа толған адамдарға;
- «А», «В», «А1», «В1» кіші санатының көлік құралдары – 18 жасқа толған адамдарға;
- «С» санаты мен «D1» кіші санатының көлік құралдары – 21 жасқа толған, жүргізуші өтілі 3 жылдан кем емес азаматтарға;
- «D», «Тm» және «Тb» санатты көлік құралдарын – 25 жасқа толған, жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес, оның ішінде «D1» санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі 3 жылдан кем емес азаматтарға;
- С1Е, D1Е кіші санатты көлік құралдары құрамдары – 12 айдан кем емес мерзімде «С», «D» санаттары немесе «С1», «D1» кіші санаттарымен көлік құралдарын басқару құқығы бар адамдарға.

Оған қоса, ұлттық жүргізуші куәлігін Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша тіркеуде тұрған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар ала алады. Жүргізуші куәліктердің 2015 жылы [108] бекітілген санаттары:

1. А және А1 – екі дөңгелекті мотоциклда;
2. «В» - рұқсат берілген салмағы 3500 кг аспайтын және отыратын орынның саны 8-ден аспайтын, техникалық сипаттамасы сағатына 100 км кем емес жылдамдықты ала алатын автокөлікте;
3. В1 – трициклдарда немесе квадроциклдарда;
4. С, С1 – рұқсат берілген салмағы 3500 кг аспайтын жүк көлігінде;
5. «D» - отыратын орын саны 28 кем емес, ұзындығы 7 м кем емес автобустарда;
6. «D1» - отыратын орын саны 28 аспайтын, ұзындығы 7 м аспайтын автобустарда;
7. «СЕ», «С1Е» - рұқсат берілген салмағы 3500 кг асатын, арасын 1 м астам екі дөңгелекті білігі бар тіркеме
8. «Тm» - трамвай

9. «Тв» - троллейбус

Жүргізуші куәлі алу үшін емтихандар келесі реттілік бойынша тапсырылады: бірінші теориялық, содан кейін практикалық.

Жүргізуші куәлігін алуға тілек білдірген теориялық емтихан тапсырмаған адам практикалық емтиханға жіберілмейді. Теориялық және практикалық емтихан екінші рет оның алдындағы емтихан өткізілген күннен бастап кемінде 7 тәуліктен кейін тағайындалады.

Тұрғылықты жерін ауыстыратын немесе әскери қызметке, оқуға, ұзақ мерзімді іссапарға (3 айдан астам) кететін және емтихан тапсыра алмаған адамдар растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, оларға емтихан екінші рет кемінде 3 күнтізбелік күннен кейін тағайындалады.

Теориялық емтиханда алынған оң баға 3 ай ішінде жарады болып саналады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін көлік құралын басқару құқығын алуға үміткер қайтадан теориялық емтихан тапсырады.

Практикалық емтихан келесі жүйе бойынша бағаланады: оң баға - «Тапсырды», қанағаттанарлықсыз – «Тапсырған жоқ» [148].

4. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ ЖӘНЕ САПАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ

Бүгінгі таңда "қызмет" санатының пәнаралық зерттеу саласы жас қызметтану ғылымына жатады. Бұл қызметті тұтынушыларға қызмет көрсететін тұтас организм ретінде қарастырады. Мемлекеттік қызметтердің мәні туралы белгілі бір ғылыми білімдері ғылымның әртүрлі салаларында дамуда

Мемлекеттік қызметтердің мәні туралы белгілі бір ғылыми білім ғылымның әртүрлі салаларында дамуда [110]. "Мемлекеттік қызмет" ұғымы соңғы уақытта мемлекеттің заңнамалық қызметінде орын алған. Сондықтан мемлекеттік қызметтер туралы түсініктер алуан түрлі. Көбінесе пікірталастар мемлекеттік қызметтердің мәнін тар немесе кең қабылдаумен байланысты. Оларды қабылдаудың айырмашылығының басты себептерінің бірі - оларды ұсыну процесінің сипаты.

Мемлекеттік қызметтердің тар мазмұны туралы қалыптасқан түсінік посткеңестік елдерде Әкімшілік құқық ғылымы аясында қалыптасты. Ол тек билік пен жеке тұлғаға қатысты болды, осылайша мемлекеттік қызметтерге жеке сипат берді. Мемлекеттік қызметтерді тар қабылдау тұжырымдамасы елдердің тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты қалыптасты. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында "Мемлекеттік қызмет" ұғымына тар мағына беріледі. Осылайша, "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңда Нормативтік бекіту табылды [111].

Мемлекеттік қызметтердің кең көрінісі АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне тән. А. В. Старовойтов бұл мемлекеттің "қызмет көрсету" тұжырымдамасын "басқа түсінумен" байланысты деп санайды, мемлекеттің мәні мен мақсаты жеке адамға қызмет ету болып табылады және оны тура түсіндіргенде, жеке адаммен өзара әрекеттесу бойынша мемлекеттің кез-келген іс-әрекеті мемлекеттік қызмет

көрсетеді. Осылайша, жеке өтініш бойынша көрсетілетін қызметтер мен қызметтерді ұйымдастырудан басқа, бүкіл қоғамға көрсетілетін қызметтерді де қарау қажет [112].

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мынадай сыныптамасын жүргізуге болады:

- Мемлекеттік қызметтерді көрсетушінің ұйымдастырушылық-құқықтық мәртебесі бойынша;

- Мемлекеттік қызметтерді тұтынушының ұйымдық-құқықтық мәртебесі бойынша;

- ұсыну нысаны бойынша.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынушының ұйымдық-құқықтық мәртебесі бойынша келесі топтарға бөлінеді:

- тұтынушыларға мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер;

- мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер тұтынушыларға көрсететін қызметтер, бірақ мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландырылатын қызмет;

- мақсатты іске асыру үшін мемлекеттік сатып алу бойынша тендерді жеңіп алған жеке және мемлекеттік ұйымдар тұтынушыларға көрсететін қызметтер.

Мемлекеттік қызметтерді тұтынушының ұйымдық-құқықтық мәртебесі бойынша бірнеше топтарға бөлінеді:

- жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер;

- заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметтер;

Ұсыну нысаны бойынша көрсетілетін қызметтер келесідей ажыратылады:

- қағаз тасығышта;

- ақпараттық-коммуникациялық байланыс құралдарының көмегімен;

- электрондық тасымалдағышта;

- ауызша түрде [106].

Қызметтердің алуан түрлілігіне қарамастан, қызметтер жеке адамға ең жақын әкімшілік деңгейде көрсетілуі маңызды. Осылайша, жіктеудің жалпыланған нұсқасын ұсынамыз (7-кесте).

Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ерекшелігі белгілі бір кезеңдерге бөлуді білдіреді. С. Г. Капаров Мемлекеттік қызмет көрсетуді барынша жеңілдету үшін ең аз әрекет ету қағидатын әзірледі. "Мемлекеттік қызметтерді ұсыну рәсімдері, - қарапайым, түсінікті және нәтижесі сенімді болуы керек" [107].

Мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын бағалау әдістемесін бекіту туралы құжатында, мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын бағалау әдістемесі берілген [113].

Бұл құжат бойынша мемлекеттік органның жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын бағалау ҚР Президенті Әкімшілігімен бекітілетін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүргізу кестесіне сәйкес келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады [113]:

- 1) мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы;

- 2) мемлекеттік органның ашықтығы;

3) шағымдар мен арыздарды қарау сапасы.

Кесте 7 - Мемлекеттік қызметтерді жалпылама жіктелуі

Критерилер	Қызмет түрлері
Ұсыну саласы бойынша	- көпшілік; - қоғамдық; - әкімшілік
Аралық нәтиженің болуы бойынша	- жай; - күрделі
Нәтиженің мазмұны бойынша	- ақпараттық-кеңес беру; - коммуникациялық; - қаржылық
Көрсету шарттары бойынша	- бағдарламалық; - нормативтік-құқықтық
Көрсету негізі бойынша	- ақылы; - тегін
Жүгіну себебі бойынша	- мәжбүрлі; - ерікті
Қызмет алушылардың саны бойынша	- бұқаралық; - жеке

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы келесі өлшемдер бойынша жүргізіледі:

1. мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасына қанағаттандырылуы;
2. мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуы;
3. мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын қамтамасыз ету;
4. мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасына ішкі бақылау;
5. мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін кеңейту;
6. композитті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер;
7. мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру;
8. мемлекеттік қызметті көрсету сапасы.

Клишина М. мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалауға орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қызметтер жатады деп ұсынды [149].

ИСО-9000 сапа стандарттарында келесі анықтама бар: "Сапа – бұл сипаттамалардың талаптарға сәйкестік дәрежесі". Мемлекеттік қызметте мұндай талап нормативтік актімен бекітілуі мүмкін, бірақ ең бастысы, ол тұтынушылардың мүдделеріне жауап беруі керек және мерзім, байланыс, дәлдік сияқты қызметтің әртүрлі сипаттамаларын көрсетуі керек (7-сызба) [22].

Мемлекеттік қызмет

Мерзімі	Байланысушы тұлға	Дәлдік
Қызметті алудың ресми уақыты (күндері)	Сыпайылық	Алынған құжатта қателер жоқ
Қызметті алудың нақты уақыты (күндер)	Жылы шырайлылық, ықылас	Клиентке берілетін мәліметтерде қателердің болмауы
Кезекте қабылдауды күту уақыты (сағат, минут)	Құзыреттілік	
Қабылдау уақыты (сағат, минут)	Адалдық	

Сызба 7 - Мемлекеттік қызметтердің сипаттамаларын анықтаудың жеңілдетілген мысалы

Мемлекеттік қызмет сапасын бақылау және оны басқару үшін қызмет сипаттамаларын, көбінесе тұтынушылар тұрғысынан өлшеу қажет. Сауалнамаға сәйкес, қызмет тұтынушылары 8-кестеден көріп отырғандай, ең алдымен, мемлекеттік қызметшілердің сыпайы болуы және өз функцияларын дәл орындай алуы үшін мемлекеттік органдардан өз жұмыстарын кідіріссіз, жылдам орындауы талап етіледі [114,150].

Кесте 8 - Мемлекеттік қызметті тұтынушыларының талап ететін ең маңызды талаптары, ескерту жиілігі, %.

№	Талаптар	Барлығы
1	Жұмысты тез, кідіріссіз орындау	70,8
2	Сыпайылық, тыңдай білу	54,9
3	Белгіленген функцияларды мұқият орындау	42,4
4	Халықтың қажеттіліктерін зерттеу, оларға сәйкес келуге тырысу	39,3
5	Ел Президентінің жарлықтары мен жазаларын орындау	28,4
6	Мемлекеттік органның мақсаттары бойынша нәтижелерге қол жеткізу	17,0
7	Салық төлеушілер алдында есеп беру	13,1
8	Мемлекеттік қаражатты үнемдеу	8,9
9	Жауап беру қиын	0,8
10	Басқа	0,6

Яғни, клиенттер талаптарды және/немесе талаптардың сипаттамаларын атайды, бұл анықтама бойынша мемлекеттік қызметтердің сапасы болып табылады. Шын мәнінде, клиенттердің бұл талаптары стандарттардың мазмұнына айналуы керек: жылдамдық, сыпайылық, дәлдік. Сапа стандарттарын табысты енгізу үшін әрбір мемлекеттік орган тұтынушыларға өз көзқарасын

өзгертіп, оларды өз миссиясының орталығына қоюы қажет, олардың қызметтің әрбір сипаттамасына қойылатын талаптарын айқындау, олардың негізінде нақты мемлекеттік органның немесе өңірлік мемлекеттік органдар тобының сапа саласындағы саясатын әзірлеу [106,107]. Сипаттамаларды (және стандарттарды) анықтау үшін негізделген өлшеулер қажет (9-кесте).

Әрбір қызмет өз жұмысының сапасын өлшеу құралдарын таңдай алады. Мысалы, тұтынушылардың қанағаттанушылығын сауалнамамен (жеке, пошта, телефон, электрондық) сонымен қатар егер шағымдар жүйесін қол жетімді деп санауға негіз болса, тіркеу кітабындағы шағымдардың санын зерттеумен де өлшеуге болады [115].

Кесте 9 - Үлгі ретінде сипаттамалары, өлшеу құралдары мен көрсеткіштері

	Мемлекеттік қызметтің сипаттамасы	Деректерді өлшеу, алу құралы	Индикатор	Шын мәнінде	Идеал
Мерзімдер	Қызметті алудың ресми уақыты (күндері)	Заңдар мен регламенттер	Осы қызметті көрсеткені үшін тиісті құжатта көрсетілген күндердің саны.	10 күн	3 күн
	Қызметті алудың нақты уақыты (күндер)	Клиенттердің өтініштерін тіркеу журналындағы, кеңседегі және т. б. жазбалар, тұтынушылардан сұрау	Осы қызметті көрсетудің орташа уақыты	7 күн	1 күн
	Кезекте қабылдауды күту уақыты (сағат, минут)	Хронометраж, тұтынушыларды сұрау, тіркеу журналдары	Осы қызмет бойынша кезекте қабылдауды күтудің орташа уақыты	30 минут	5 минут
	Қабылдау уақыты (сағат, минут)	Хронометраж, тұтынушыларды сұрау, тіркеу журналдары	Осы қызмет бойынша орташа қабылдау уақыты	15 минут	5 минут
Байланысушы тұлға	Сыпайылық	Тұтынушыларға сауалнама жүргізу, бақылау, шағымдар кітабы	Оларға сыпайы қызмет көрсетілгенін айтқан тұтынушылардың үлесі	34%	95%
	Жылы шырайлылық, көмектесуге деген ықылас	Тұтынушыларға сауалнама жүргізу, бақылау, шағымдар кітабы	Жылы шырайлы, көмек көрсету ниетімен оларға қызмет көрсетілгенін айтқан тұтынушылардың үлесі	15%	95%

Дәлдігі	Алынған құжатта қателердің болуы	Тұтынушылардан сұрау, қайталама өтініштерді тіркеу журналы, шағымдар кітабы	Осы қызмет бойынша алынған барлық құжаттар арасындағы қателердің үлесі немесе осы қызмет бойынша құжаттарда қате жіберілгенін айтқан тұтынушылардың үлесі	3%	0,5%
	Клиентке берілетін ақпаратта қателердің болуы	Тұтынушылардан сұрау, қайталама өтініштерді тіркеу журналы, шағымдар кітабы	Осы қызмет бойынша тіркелген барлық жауаптар арасындағы қателердің үлесі немесе осы қызмет бойынша ақпарат алған кезде қате жіберілгенін айтқан тұтынушылардың үлесі	22%	2%

Бұл жұмыста стандарттар социологиялық өлшемдер деректерінен анықталады және белгіленеді. Осы деректер негізінде мониторингтің "базалық желісі" анықталды, онымен осы қызметтер секторындағы кейінгі өлшеулерді салыстыру қажет.

Қызметтің негізгі желісі, сондай-ақ клиенттердің қалаған сипаттамалары туралы пікірі бола отырып, қызмет сапасын жақсарту мақсатын белгілеуге болады. Бұдан әрі, осы санға қол жеткізуге, оған сәйкес келуге ұмтылу мемлекеттік органның басшылығы мен қызметкерлері үшін ішкі қызметті қызметкерлердің көбі тұтынушыға көмектесуге дайын болатындай етіп өзгертуге түрткі болуы тиіс. Бұл үшін қызметкерлерді клиенттермен қарым-қатынасты жақсартуға, көмектесуге дайын болу мен нәтижеге қол жеткізу арасындағы байланысқа назар аударуға, тренингтер өткізуге, ерекшеленген адамдарды атап өтуге, әртүрлі әдістермен ынталандыруға, тиісті микроклимат құруға бағыттау керек [110,116].

Кесте 10 - Қандай да бір қызмет үшін сапа стандарттары бойынша мақсаттарға арналған нысан, %.

Қызметтің сипаттамасы	2019 жылғы нақты жағдай	2020 жылғы сапа жөніндегі мақсат
№ 1 сипаттама Мысалы, кезек күтудің орташа уақыты	35 минут	10 минут
№ 2 сипаттама мысалы, жалпы қызметке қанағаттанған клиенттердің үлесі	69%	78%

№ 3 Сипаттама мысалы, қателіктер жіберілген және клиенттің қосымша жүгінуі қажет болған құжаттардың үлесі	9%	3%
№ N сипаттама мысалы, осы қызмет бойынша құжаттардың бастықтарда қол қоюдағы орташа уақыты	3 күн	4 сағат

Қандай қызмет нәтижесі өлшенетін болса, есте сақтау керек бір нәрсе, ол жақсартуға және прогресті бақылауға нақты мүмкіндік бар болады, яғни құбылыс өлшенсе ғана. Сараланған бағалау жүйесін құру арқылы жақсы жұмысты ынталандыру арқылы жақсартуларды тұрақты етуге болады [117]. Жетістікті мойындаудың болмауы, бағалаудың теңестірілуі қызметкерлердің демотивациясына әкеледі.

5. АРНАЙЫ ХҚКО-ҒЫ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

5.1. Арнайы ХҚКО-ның қызметін және қызмет сапасын бағалау

5.1.1 Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысын сараптау

Жаһандық мемлекетаралық бәсекелестік жағдайында, сондай-ақ әлемдік экономикалық және әлеуметтік сілкіністер жағдайында, мемлекеттік сыртқы және ішкі саясаттардың орнықтылығы мен икемділігін қамтамасыз ететін жүйеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын басқару жүйесін реформалау маңызды мәселелері болып табылады.

Көптеген елдерде "ақпараттық қоғам" және "электрондық үкімет" бағдарламалары инновациялық дамудың драйверлеріне айналды [118]. Атап айтқанда, басқару институттарында ("Электрондық Үкімет" жобалары) ғана емес, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, көлік және т. б. салаларда сапалы өзгерістер болды, өмір сүру ортасының сапасы артты, бұл азаматтарға мемлекеттің инновациялық технологияларды қолданудың артықшылықтарын сезінуге мүмкіндік берді. Алайда, "электрондық үкіметті" енгізу барлық жерде оң және әрдайым күтіліп отырған нәтиже бермейді [119,151,152]. Сондықтан осы бағыттағы ғылыми және қолданбалы зерттеу жобалары "ақпараттық қоғам" мен "электрондық мемлекет" құру міндеттері теория саласынан іске асыру практикасына көшкен кезде өзекті бола түсті.

Халыққа арналған ХҚКО - дан басқа 2012 жылғы желтоқсанда Қарағандыда пилоттық режимде көлік құралдары иелері үшін алғашқы мамандандырылған ХҚКО ашылды.

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы - халыққа жүргізуші куәліктерін беру және автокөлік құралын бір терезе қағидаты бойынша тіркеу бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған мекеме.

Жобаны сәтті іске асыру нәтижесінде еліміздің тұңғыш Президенті бұл

тәжірибені бүкіл ел көлемінде таратуды тапсырды.

Бизнес-процестерді автоматтандыру, мемлекеттік органдардың барлық дерекқорлары мен ақпараттық жүйелерін интеграциялау нәтижесінде, сондай-ақ, жүргізуші куәлігін алу және автокөлікті тіркеу үшін қажетті барлық кезеңдердің бір кешені шегіндегі бірлестіктер, осы қызметтерді көрсету уақыты орта есеппен 2 сағатқа дейін қысқарды, және азаматтардың құжаттарды дайындауға жауапты орындаушылармен тікелей байланысы жойылды.

Бүгінде бүкіл Қазақстан бойынша 11 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

Біз Алматы қаласының мамандандырылған ХҚКО-ның жұмысын талдадық, себебі бұл еліміздің ең үлкен мегаполисі болып табылады. Соңғы 5 жылғы мемлекеттік қызметтер бойынша деректер 11-кестеде көрсетілген.


Кесте 11 - 2018-2022 жылдар аралығында мамандандырылған ХҚКО және Алматы қаласы бойынша ІД ӘПБ ЕЖТБ жүргізген мемлекеттік қызметтер.

Қызмет түрлері	2018	2019	2020	2021	2022	%
Тіркелген көлік құралдары	274 381	330 476	317 881	392 358	395 806	0,88
«www.egov.kz» ЭҮП арқылы	383	1 883	6 729	4 873	2 001	-59
Көлік құралдарын тіркеу куәлігі	278 257	344 673	323 906	420 107	427 375	1,73
Берілген мемлекеттік нөмірлер белгісі	244 366	291 422	421 171	340 696	218 137	-36
Берілген транзиттік мемлекеттік нөмір белгісі	12 317	3 950	569	2 684	4 781	78,1
Есептен шығарылған КҚ саны	254 503	309 632	277 853	351 423	353 796	0,68
оның ішінде «www.egov.kz» ЭҮП арқылы	383	2420	6 729	4 873	2 001	-59
Утилизацияға кеткен КҚ	2 329	3 628	3 136	3 312	1 825	-44,9
Берілген жүргізуші куәлігінің саны	110 827	122 637	130 285	116 652	120 665	3,4
оның ішінде «www.egov.kz» ЭҮП арқылы	1 515	12 863	15 723	13 571	12 616	-7,04
Келіп емтихан тапсырған адамдар	27 601	93 774	52 328	-	-	-

Кестеде соңғы 2020 жылға дейін мемлекеттік қызметтердің барлық түрлері бойынша жүргізілген мемлекеттік қызметтер санының өсу жағына қарай оң динамика байқалып отыр, дегенмен 2020 жылы саны күрт төмендеп, 2021

жылдан бастап барлық қызмет түрлері қайта жоғарылау тенденциясы байқалады. Бұл қалаға жаңа аумақтардың қосылуымен, көлік құралдары мен тіркелген жүргізушілер санының артуымен байланысты. Сонымен қатар, мамандандырылған ХҚКО-ның жұмысы экстерриториялды қағидаты бойынша ұйымдастырылған, онда Қазақстанның барлық өңірлерінің тұрғындарына қызмет көрсетіледі. Көрсеткіштердің төмендеу үрдісі байқалатын жалғыз тармақ транзиттік мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру бойынша пункт болып табылады, онда көрсеткіштер 2020 жылы 7 есе төмендеп, 2021 жылға қарай қайтадан 5 есеге артты. Мұны жыл сайын ЕАЭО қамту аумағы кеңейіп келе жатқандығымен түсіндіруге болады, бұл осы қызметті алу қажеттілігін төмендетеді.

Сондай-ақ 2018-2022 жылдары көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және жүргізуші куәлігін беру қызметі бойынша халыққа көрсетілген қызметтер саны 8-сызбада берілген.




Сызба 8 – 2018-2022 жылдары көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және жүргізуші куәлігін беру қызметі бойынша халыққа көрсетілген қызметтер саны

Сызбадан көріп отырғанымыздай соңғы бес жылда көлік құралдарын тіркеу және қайта тіркеу қызметі 46,33% өскен, 2018 ж, 2019 жылдары осы қызмет түрі орташа 22% өсіп отырды, тек 2020 жылы 8%-ға төмендеген. Бұған 2019 жылғы пандемиядан кейінгі халықтың әлеуеті әсер еткен болу керек. 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 28% қайта жоғарылады, ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда өзгеріс бар жоғы 1% құрады.

Жүргізуші куәлігін беру қызметіне келетін болсақ, 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 10% жоғары, 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 6% жоғары болса, 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда керісінше 10% кеміген. Бұл жағдай жүргізуші куәлігін беру қызметіндегі өзгерістерге,

талаптардың жоғарылауына байланысты. Ал 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 3,4% қайта өсе бастады.



Сызба 9 – 2018-2022 жж мемлекеттік қызметтердің электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілу динамикасы


9-сызбадағы мемлекеттік қызметтердің электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілу динамикасына сәйкес үш қызмет түрі бойынша да ең жоғарғы деңгейге 2020 жылы жеткен, кейін 2021 жылдан бастап қайта төмендеген. 2020 жылы Covid-2019 пандемиясы халықтың электрондық үкімет порталы арқылы қызметке жүгінуіне себеп болған.

Арнайы бағыттағы халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметпен байланысты емес қызметтер бойынша жалпы тіркелген және қарастырылған өтініштер бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 2022 жылы тіркелген, яғни 26846 өтініш келіп түскен, оның ішінде көп бөлігін жеке тұлғалардың өтініштері құрайды, яғни 23008 (10-сызба).

Егерде жеке тұлғалардан және мемлекеттік органдар мен ұйымдардан келіп түсетін өтініштер жыл сайын артып келе жатса, заңды тұлғалардың өтініштері 2018-2022 жылдар аралығын қарастырар болсақ 2018 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 349 дейін күрт төмендеп, яғни 92%- ға төмедеді, ал 2022 жылға қарай 92%- ға, яғни 3838-ге күрт жоғарылады.

Бұл көрсеткіштердің барлығы орталық жұмысының жүйеленіп келе жатқанын айқындайды.

Есепті кезеңде "ХҚКО" департаментінің Мамандандырылған бөлімі арқылы Алматы қ. ПД ӘПБ ЭТҚ» - "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ Алматы қаласы бойынша филиалы(СОД ЦОН) - 476 329 Мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде 416 133 – "көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу" және 60 196 - "жүргізуші куәліктерін беру".



Сызба 10 – Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты емес қызметтер

Мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесінің тиімділігін бағалаудың негізгі проблемасы жан-жақты бюджеттік, экономикалық және әлеуметтік тиімділікті қамтитын оларды бағалау критерийлерін айқындау болып табылады [114].

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды мынадай критерийлер бойынша жүзеге асыруға болады:

- Мемлекеттік қызмет көрсету уақыты;
- Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде кезек күту уақыты;
- Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде өтініш берушімен өзара іс-қимыл жасайтын қызметкердің сыпайылығы мен құзыреттілігі;
- мемлекеттік қызметтер көрсетілген үй-жайдағы жағдайдың жайлылығы;
- Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі.

Бұл ретте бағалаудың басқа да критерийлері бар екенін түсіну керек [80].

Әрбір критерий үшін мемлекеттік қызметтерді ұсыну сапасын толық талдау үшін әртүрлі әдістемелерді қолдану қажет [113,114,115].

Біз мамандандырылған ХҚКО ұсынатын мемлекеттік қызметтің сапасын бағалаудың барлық критерийлері бойынша кешенді талдау жүргіздік. Ол үшін келесі міндеттер қойылды: мамандандырылған ХҚКО ұсынатын мемлекеттік қызметтің сапасын бағалаудың критерийлерін анықтау, қызмет сапасына әсер еткен себепшарттарды маңыздылығы бойынша 3 топқа (А,В,С) топтастыру, «А»

тобына топтастырылған жүйелі ауытқулардң әр қайсысына Исикава диаграммасын құру арқылы себеп-салдарын талқылау, мемлекеттік қызметкөрсетуде мерзімдерді бұзудың техникалық себептеріне талдау жүргізу, ақпарат алмасу барысындағы ауытқуларға себеп-салдарға бойынша талдау диаграммасы құрылды, автодромның жұмысына әсер ететін факторларға себеп-салдар диаграммасы құрылды. Зерттеу нысаны халыққа арнайы қызмет көрсету орталығының көлік жүргізу куәлігін беру және көлік құралын тіркеу қызметтері. Зерттеудің мәні сапа бақылау құралдарын қолдану процесі болып табылады. Жүргізуші куәлігін алу қызметін көрсету сапасын бағалау сапа бақылау құралдарының: Парето диаграммасы және Исикаваның себеп-салдар диаграммасының көмегімен жүзеге асырылды. Тәжірибелік тұрғыдан орындалған жұмыс мемлекеттік қызмет көрсету саласында сапаны бақылаудың статистикалық әдістерін қолдану мәселесін шешеді.

Бұл материалда бірінші критерий бойынша сапаны талдау нәтижелері, атап айтқанда 2018-2022 жылдардағы кезеңде мемлекеттік қызметтерді ұсыну барысындағы бастарту бойынша сараптаулар көрсетілген.

Алматы қ.ІІД ӘПБ 12 айда барлығы мемлекеттік қызмет көрсетілді – 2018 жылы - 476 329; 2019 жылы - 645 916 немесе 169 587 қызметтер көп көрсетілген. Оның ішінде – КО тіркеу және қайта тіркеу бойынша 2020 жылы-416 133 мемлекеттік қызмет, 2019 жылы - 535 089 мемлекеттік қызмет, жүргізуші куәліктерін беру бойынша 2019 жылы - 60 196 және 2019 жылы-110 827 немесе өткен жылға қарағанда 56% - ға артық қызмет көрсетілді.

2018 жылы 193 149 МТНБ берілді, оның ішінде басқа өңірлердің 76 386 МТНБ, 2019 жылы тиісінше 244 366 және 113 460 МТНБ, бұл 2018 жылдан 51217 және 37074 артық берілді.

Өтініштерді қарау барысында – 2018 жылы - 476 329, 2018 жылы – 645 916 өтініш мақұлданды, оның ішінде азаматтарға 2017 жылы - 31 364, 2019 жылы-46 698 өтінішті қанағаттандырудан дәлелді бас тарту берілді. Пайыздық мәнде бас тарту саны 2018 жылы тиісінше 6,5% және 7,2% - ды құрайды.

Бас тартуға мыналар негіз болды:

- азаматтардың көлік құралдарында шектеулер және ауыртпалықтар болуына байланысты:

2018 жылы-17 905 өтініш;

2019 жылы-26 479 өтініш.

- азаматтарға негізделген өзге де себептер бойынша (айыппұлдардың болуы, техникалық іркілістер, қажетті құжаттарды ұсынбау, басқа жерде тұру және т. б.)

2018 жылы-13 459 өтініш;

2019 жылы-20 219 өтініш.

2018 жылы барлығы – 17 899 мемлекеттік қызмет белгіленген мерзімдерді бұза отырып көрсетілген: оның ішінде жүргізуші куәлігін беру-1 976; КҚ жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу – 15 923, 2018 жылы-10 856 Мемлекеттік қызмет, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 7043 жағдайға аз: оның ішінде жүргізуші куәлігін беру-1969; КҚ жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу – 8887.

Барлық 28755 факт бойынша 5 жыл ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде қызметтен бас тарту жағдайлары негізінен байланыс жүйесіне яғни: модем, техникалық ақаулар, электр энергиясының болмауы және т. б. сияқты техникалық себептер бойынша жіберілгені анықталды.

5.1.2 Сапа бақылау құралдарының көмегімен қызмет сапасын бағалау

Парето диаграмасын құрудың мақсаты қолданыстағы процесті бақылау, алынған фактілерді (статистикалық материалдарды) кейіннен процестің сапасын жақсарту үшін жинау, өңдеу және талдау негізінде бірінші кезекте шешуге жататын проблемаларды анықтау [120,121,122,132].


Парето диаграмасын құру үшін техникалық себептер бойынша Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде мерзімдерді бұзу деректерін талдау 12-кестеде көрсетілген. 12 - кестеде көрсетілгендей, мемлекеттік қызметтерді ұсыну мерзімдерін бұзудың негізгі техникалық себептері 1; 3; 4 және 10-тармақтар болып табылады, олар 86,8 % құрады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін себеп-салдар диаграммаларының көмегімен терең талдау жүргізу қажет. Дегенмен көңілді барлық мәселелерге бірдей бөлмей, маңыздылық деңгейіне қарай бөлу қажет. ABC талдау немесе үш топ бойынша критерийлерге бөлу, бұл себептерді шешуде басымдықтардың аражігін ашып алуға мүмкіндік береді (11-сызба).

Кесте 12 - 2022 жылғы 12 айдағы техникалық себептер бойынша деректерді талдау.

№	Техникалық себептердің түрлері	Себептердің маңыздылығы (сәтсіздік саны)	Бас тарту санының жинақталған сомасы	Жалпы сомаға әрбір белгі бойынша істен шығулардың пайыздық саны	Жинақталған пайыз
1	Өтініштер "орындалуда" мәртебесінен "орындалды" күйіне іркіліспен өтті	12 013	12 013	67,11	67,11
2	«Латон» фирмасы" ЖШС байланыс арнасының үзілуіне байланысты	162	12 175	0,9	68,01
3	SOAP қателігі	919	13 094	5,13	73,14
4	Байланыстың үзілуі (ЛВС,	1 843	14 937	10,29	83,43

	КПСиСУ, КАП және т.б.)				
5	Мамандандырылған ХҚКО-да электроға болмауы	54	14 991	0,3	83,73
6	Дерекқор серверінің істен шығуы «АРМГО ҚР бойынша»	226	15 217	1,26	84,99
7	Принтердің (немесе ДК) техникалық ақаулары	534	15 751	2,98	87,97
8	Автодром жұмыс істемеді	570	16 321	3,18	91,15
9	Теориялық емтихан тапсырғаннан кейінгі уақыт тоқтатылған жоқ	560	16 881	3,12	94,27
10	Кешіктіру жоқ	766	17 647	4,27	98,54
11	Вирус жиі	139	17 786	0,77	99,31
12	ХҚКО жиі базасы бойынша МТНБ берілмеген	113	17 899	0,63	100
	Жиынтық:	17899	-	100	-



Сызба 11 - Техникалық себептер бойынша Парето деректер диаграммасы

Суретте А тобына жататын себептердің 1-тармағы, С тобының басқа нүктелеріне қарағанда 54 % және В тобының 47% көп екендігі көрініп тұр.

Қызмет көрсетулер бойынша анықталған қателіктерге терең талдау үшін Исикава диаграммасы құрылды.

Ол үшін 2020 жылғы қызмет көрсету барысындағы ауытқулардың барлығын екі топқа бөліп қарастыруға болады:



Сызба 12 – Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығындағы жүйелі және кездейсоқ ауытқуларды жіктелуі

12-сызбадан көріп отырғанымыздай 12-кестеде көрсетілген 5 көрсеткіш кездейсоқ ауытқуларға жатқызылды яғни, олар қандай жүйеден болсада кездеседі, жетілдіру жұмысы олардың санын азайтуға бағытталуы қажет. Ал жүйелік ауытқуларға келер болсақ олардың болуы және саны осы жұмыстарды ұйымдастыру барысында жүйелік қателіктердің кетуіне немесе жұмыс барысын жүйелі түрде қарастырмауына байланысты болып келеді. Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысы барысында негізгі екі жүйелі ауытқу анықталы олар: автодромның жұмыс істемеуі және ақпарат алмасу жүйесінің ауытқылары осы екі көрсеткіш бойынша жалпы саны 16416 ауытқу тіркелген немесе барлық ауытқу бойынша 92% құрады. Оның ішінде ақпарат алмасу жүйесі бойынша 15846 ауытқу немесе жалпы ауытқулар санынан 88,5% құрайды.

Көріп отырғаныңыздай осы екі жүйелі ауытқу жалпы ауытқудың үлкен бөлігін құрап тұрғандықтан олардың әр қайсысына Исикава немесе «балық қанқасы» диаграммасын құру арқылы талқыланды (13-сызба).

Исикава диаграммасын құру барысында жұмыс тобы құрылды. Ол топқа әр жүйелі ауытқу бойынша жауапты адамдар тартылды. Яғни автодромның жұмысын қарастырғанда басқару персоналынан бөлек техникалық бөлімнің және қамтамасыз ету бөлімінің жетекшілері қатысты, ал ақпараттық байланыс бойынша ІТ саласына жауаптылар тартылды.

Исикава диаграммасы - бұл себеп-салдар бойынша байланыстарды талдаудың және қалыптастырудың графикалық әдісі, мәселенің себептерін жүйелі түрде анықтауға және кейінгі графикалық бейнелеуге арналған балық

сүйегі түріндегі сапа бақылау құралын бірқатар зерттеушілер қолданған [153.154.155].


Бастапқыда автодромның жұмысына әсер ететін себеп-салдар байланыстарды талдау жүргізілді. Автодромның жұмысына әсер ететін себеп-салдарды талдау барысында негізгі төрт бағытта қарастырдық. Олар:

- пайдалану барысындағы жүйелі қателіктер;
- автокөлік конструкциясындағы себептер;
- технологиялық жағдайлар бойынша себеп-салдар;
- адами факторлар.

Пайлану барысында автодромның үздіксіз жұмыс істеуіне: жанармай сапасы, ауа райы жағдайы, жол жағдайы және инструктордың біліктілігі себеп болатындығы анықталды.

Автокөлік конструкциясында: сенімділік денгейі, яғни кез келген техника секілді автокөлікте оның маркасына және шығарылған еліне байланысты олардың сенімділік денгейі болады. Бұл жерде жөндеуге ынғайлылығы, құрылымының қарпайымдылығы, унификациялық денгейі қарастырылды.


Технологиялық жағдайларға келер болсақ, негізгі үш бағытта: техникалық құралдың сапасы және жөндеу жұмыстары; қолданылатын пайдалану құралдарының сапасы және қосалқы бөлшектердің сапасы қарастырылды. Одан бөлек жұмыс жүргізілетін қондырығы жағдай және жалпы автокөлікті баптау жұмыстарының ұйымдастырылу үрдісі қарастырылды.



Сызба 13 -Автодром жұмысына әсер ететін факторларға себеп-салдар диаграммасы

Сапаға және үрдістің тұрақты жүруіне негізгі әсер ететін факторлардың бірі ол адами фактор болып табылады. Бірақта У.Э. Деминг [123] айтқандай «98% пайыз ауытқу адамдардан емес жұмысты ұйымдастыру жүйесіне байланысты» осыған сай біз бір жақты емес, жұмыстың ұйымдастырылуына және адамдардың жұмыс істеу жағдайына кешенді қарауға тырыстық.

Келесі сызбада себеп-салдар бойынша талдау екінші жүйелі қателік және ең кең таралған қателіктер ол ақпарат алмасу немесе ақпараттық технологиялар саласы анықталды (14-сызба). Себебі қазіргі таңда көптеген қызмет түрлері электронды форматқа көшірілді және халыққа қызмет көрсету орталықтары бір терезе қағидасымен жұмыс жасағанымен оларға көптеген ведомстволардан ақпарат келіп түседі және осы ақпараттарды барлығы интеграциялану қажет. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жумағалиев айтқандай «Деректер базасын біріктіру-бұл әр мемлекеттің проблемасы. Барлық ақпараттық жүйелер дәстүрлі түрде нақты министрліктерде дамыды. Бәріне интеграцияланатын уақыт келгенде, белгілі бір проблемалар туындады» [105].



Сызба 14 – Ақпарат алмасу барысындағы ауытқуларға себеп-салдарға бойынша талдау диаграммасы

Бұл жердеде ақпараттық базасының жұмысына жүйелі түрде төрт бағытта қарастырылды олар: адами факторлар; бағдарлама; байланыс жағдайы; қондырығылар.

Адами факторларға келер болсақ ІТ саласында мамандардың біліктілігі зор үлес қосады, дегенмен кәзіргі таңда мемлекеттік қызметке жоғары білікті ІТ мамандарын тарту қиынға соғады. Оның негізгі себебі жалақының төмендігі. Ақпараттық алмасу саласында маманның тұрақтылығы үлкен роль атқарады, себебі бір маман жасап кеткен кілттерді немесе бұғаттарды екеншісі көрмеуі мүмкін. Сол себепті осы саладағы мамандарға барынша жағдай жасалып ынталандыру жолдры қарастырылуы қажет.

Келесі қарастырылған үш бағыт олар өзара байланысты және ауытқулардың туындауына тікелей байланысты. Бірақта олардағы себеп-салдарды екі топқа бөлуге болады, яғни сыртқы және ішкі деп. Себебі арнайы қызмет көрсету орталығы көптеген ведомстволармен ақпарат алмасады және халыққа қызмет көрсету орталығы өз жағынан барлық жұмысты бір ізділендіріп жүйеге келтіргенімен, серіктес органдар жұмысын дұрыстамаса ол себеп-салдарды толық жоюға мүмкіндік бермейді. 13-Кестеде 2020 жылдың 12 айында анықталған және тіркелен ауытқулар көрсетілген.

Кесте 13 - 2022 жылғы 12 айдағы техникалық себептер бойынша деректерді талдау.

№	Техникалық себептердің түрлері	Себептердің маңыздылығы (сәтсіздік саны)	Бас тарту санының жинақталған сомасы	Жалпы сомаға әрбір белгі бойынша істен шығулардың пайыздық саны	Жинақталған пайызы
1	КАП деректер базасы іркіліспен жұмыс істеді	2794	2794	25,73	25,73
2	ХҚКО ЖИШ базасы жұмыс істемеді	669	3463	6,16	31,89
3	КПСжәнеСУ деректер базасы үзілістермен жұмыс істеді	2	3465	0,0001	31,89
4	АСТЕЛ байланыс каналы үзілістермен жұмыс істеді	11	3476	0,10	31,99

5	Астана қаласының аутентификация серверімен байланыс болмады	12	3488	0,11	32,1
6	"Орындауға" мәртебесінен "орындалды" мәртебесіне түспеген	5163	8651	47,55	79,65
7	SOAP қателігі	369	9020	3,39	83,04
8	Мониторингтің ақпараттық жүйесінде ҚР ПМ 22.05.2015 жылғы № 473 Бұйрығының 27-тармағында көзделген үзіліс іске асырылмаған	15	9035	0,13	83,17
9	Принтердің (немесе ДК) техникалық ақаулары	730	9765	6,72	89,89
10	КҚ бұзылуы	2	9767	0,0001	89,89
11	Автодром жұмыс істемеді	42	9809	0,38	90,27
12	Электр қуаты болмады	51	9860	0,46	90,73
13	ХҚКО қызметкерлерінің кінәсінен	2	9862	0,0001	90,73
14	Мәліметтер АРМ ГО -да көрсетілмейді	34	9896	0,31	91,04
15	«Латон» фирмасы" ЖШС байланыс арнасының үзілуіне байланысты	376	10272	3,46	94,5
16	Өтінімдер МО-ға кешігіп келіп түст	28	10300	0,25	94,75
17	ҚР еңбек заңнамасына	173	10473	1,59	96,34

	сәйкес жұмыс уақыты Аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері көрсетілетін қызметті алушылардың өтінімдерін берген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні көзделмеген				
18	"Алматытелеком" АҚ байланыс арнасы болған жоқ»	383	10856	3,52	100
	Барлығы:	10856	-	100	-

Кестеде көріп отырғанымыздай 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы көрсеткіштер саны 6-ға артты, бұл ауытқу санының арттырғанын емес, сараптау тереңдігінің өскенінің дәлелі болып табылады. Яғни 2021 жылғы талдауда ұйым қателіктерді негізінен тек сыртқы факторлармен байланыстырса, атап айтқанда электронды құрылғылардың дұрыс жұмыс жасамау немесе интернет желісінің, ортақ базаның ақауына сілтеме жасаса, 2022 жылғы сараптауда «ХҚКО қызметкерінің кінәсінен», «техникалық құрылғылардың істен шығу» дегендей ішкі факторларды қарастырған. Бұл дегеніміз ақаулар санына және себептеріне талдауды жасау барысында 2021 жылдағыдай тек қателіктер ақтау мақсатында емес, расымен салдарымен күреспей себептерін айқындап алу мақсаты болғанынын айқын көрсетеді.

Екі жылды 2021-2022 жылдарды салыстырар болсақ, 2021 жылы жалпы қызмет көрсетулер бойынша ақаулар саны 7043 бірлікке немесе 40 % азайған. Оның ішінде атап өтетіні автодронымының жұмыс істемеуі себебінен 2021 жылы 570 жағдай орын алса, 2022 жылы оның саны 528 жағдайға азайып 42 бірлікті құрады, бұл дегеніміз ұйым басшылығы 2020 жылғы талдаудан нәтиже шығарғандығының басты көрсеткіші. Себебі автодром арнайы Х)КО-ның ішіндегі ең күрделі механизмнің бірі болып табылады. Бұл жерде автокөлік паркі, автодром, инструкторлармен жөндеушілердің жұмысы, қосалқы бөлшектермен, жағар жанармаймен қамтамасыз ету сияқты көптеген факторлар әсер ететін қызмет түрі болып табылады. Яғни бұл қызмет

көрсетудің сапасын арттыру үшін бір күндік іс-әрекеттің аздық ететіндігінің, ол үшін жүйелі өзгерістер қажеттігінің айқын дәлелі.

Басқа факторларды қарастырар болса 2021 жылы ең үлкен 67,11%-ды құраған көрсеткіш түрі болып «Өтінімдердің «Орындалуда» мәртебесінің «Орындалдыға» үзіліспен өтті» операциясы болып табылады, 2022 жылы бұл көрсеткіш 58 %-ға азайып 5163 бірлікті құрады.

Жоғарыда атап өткендей ақпарат алмасу саласындағы қателіктер ішкі және сыртқы болып табылады және көптеген проблемалар әртүрлі ведомстволар дайындаған ақпараттардың интеграциялану барысына және серіктес органдардың ІТ жүйесіне тікелей байланысты. Осыған байланысты бұл бағыттағы ауытқуларды толығымен жою халыққа қызмет көрсету корпорациясының құзыреттілігінен шығып кетеді. Корпорация тек жүйелендіру және жетілдіру жолымен ауытқулар санын өзіне қарасты бөлігін минимальды деңгейге дейін азайта және өз жетістіктерімен бөлісе алады.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе соңғы 5 жылда тіркелген мәліметтерді зерттеу арқылы ауытқулардың себеп-салдарын анықтау мақсатында статистикалық (Парето және Исикава диаграммаларын) әдістерді пайдалану мүмкіндігі көрсетілді. Негізгі себептер кестенің 1, 3, 4 және 10-тармақтары бойынша сәйкесінше 67,11%, 5,13%, 10,29% және 4,27%, барлығы 86,8% құрады. Қызмет сапасына әсер еткен себепшарттар маңыздылығы бойынша 3 топқа (А,В,С) топтастырылды. «А» тобына топтастырылған жүйелі ауытқулар жалпы ауытқудың үлкен бөлігін құрап тұрғандықтан олардың әр қайсысына Исикавы немесе «балық қанқасы» диаграммасын құру арқылы талқыланды. Ол үшін әрбір мемлекеттік қызмет көрсету саласында ақпараттық базаның жұмысына әсер ететін факторлар қарастырылды. Жүргізуші куәлігін беру қызметінің негізгі нәтижелік сапа көрсеткіштері таңдап алынды. Олар:

- автодромның жұмысындағы аутқушылықтар
- ақпарат алмасудағы ауытқушылықтар.

Маңызды сапа көрсеткіштеріне әсер ететін негізгі себеп-салдар:

- автокөлк конструкциясы,
- адами фактор,
- технологиялық жағдайлар және пайдалану шарттары.

Сонымен қатар екінші және үшінші реттік себеп-салдар белгіленді. Мемлекеттік қызмет көрсетуде мерзімдерді бұзудың техникалық себептеріне талдау жасалды. Ақпарат алмасу барысындағы ауытқуларға себеп-салдарға:

- байланыс жағдайы,
- қондырғылар, бағдарлама
- адами фактор жататыны анықталды.

Зерттеу жұмысың нәтижесіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету саласында сапаны бақылаудың статистикалық әдістерін тәжірибеде қолдану мүмкіндігін дәлелдейді.


5.1.3 Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін анықтау

Клиенттердің қанағаттану деңгейін зерттеудің сандық және сапалық әдістер кеңінен қолданылады [69]. Сондай-ақ сапаны және қанағаттанушылықты зерттеумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар әзірлеген модельдер де бар [130-137].

Еуропада ең көп қолданылатын көрсеткіш - тұтынушылардың қанағаттану индексі болып табылатынын 3-тарауда айтқан болатынбыз. Бұл көрсеткіштің ең маңызды ерекшелігі - қанағаттануға және қанағаттану деңгейіне әсер ететін жеке компоненттердің маңыздылығын өлшейді.

"NewGroup.kz" ЖШС мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде 2019 жылы Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейін зерттеу нәтижелері ұсынылды (15-сызба).

2020 жылы Астана мемлекеттік қызмет хабының (әрі қарай - Хаб) мемлекеттік басқарудың ғылыми мектебін қолдау бойынша жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін жетілдіру» зерттеуін жүргізген болатын. Зерттеу нәтижесі бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына халықтың қанағаттануының орташа балы 87.2% - ды құрады.



Сызба 15 - Өңірлер бойынша әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу бойынша негізгі критерилері болып келесі критерийлер жатады:

1. Бірінші блок - "жалпы сұрақтар", онда респондент ұсынылған сауалнамамен танысады. Жалпы сұрақтарға жауап береді. "Сіз қызметті қандай форматта алдыңыз?" деген сұраққа 68,7 респондент мемлекеттік қызметтерді қағаз форматта алғанын, 31,3% - ы мемлекеттік қызметтерді алу кезінде электрондық үкімет порталын пайдаланғанын атап өтті. "Сізде

электрондық мемлекеттік қызметтерді алу үшін мобильді азаматтар базасы мен telegram bot қосымшасының мобильді нұсқасы бар ма? деген сұраққа сауалнамаға жауап берушілердің 1,9% - ы оң жауап берді, ал 98,1% - ында мемлекеттік қызметті алу үшін қосымша мобильді қосымшалардың бар екендігі туралы түсінік жоқ.

2. Екінші блок - "Инфрақұрылым», ХҚКО-ны модернизациялау кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік қызметтерді алуы үшін қажетті жағдайлар жасауға ерекше назар аударылды, олар үшін әрбір ХҚКО-да құжаттарды қабылдау үшін жеке жұмыс орындары бөлінді, пандустар мен шақыру нүктелері орнатылды. Халықтың қалың бұқарасына, оның ішінде шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарына мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша Мемлекет Басшысы қойған міндеттерді орындау шеңберінде барлық облыстарда пилоттық режимде мобильдік ХҚКО-лар іске қосылды, ал 2012 жылы осыған ұқсас қосымша ХҚКО-лар жұмысы ұйымдастырылды. Халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмысының жаңа форматтарына көшу халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Инфрақұрылым блогы бойынша азаматтардың қанағаттанушылығының орташа көрсеткіші 89,8% - ды құрады.

3. Үшінші блок - "Уақыт, күту". ХҚКО қызметкерлерінің біліктілігі мен жұмысының сапалы көрсеткіштерінің бірі халыққа қызмет көрсету жылдамдығы және күту мерзімі болып табылады. Осылайша, зерттеу көрсеткендей, азаматтар арасындағы осы мәселелерге қанағаттану деңгейі 82,1% құрады.

4. Төртінші блок - "Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі". Мемлекеттік қызметтердің қол жетімділігі мәселесі осы әлеуметтік зерттеуді бағалауда өте маңызды. Бұл сұрақтар блогында мыналар болды: қызмет көрсету тәртібі мен рәсімдерін түсіндіретін ақпараттың анықтығы мен сапасы, қызметті екі тілде алуға қолжетімділігі, қызметті тұрғылықты жері бойынша алу мүмкіндігі, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасау, Брайль тілі (стендтерде), соқырларға арналған нұсқа (Сайтта) және басқа да көптеген сұрақтар. Осы мәселелер бойынша азаматтардың қанағаттанушылығының орташа көрсеткіші 88,3% - ды құрады.

5. Бесінші блок - "Қызмет көрсету құзыреттілігі". Мемлекет жылдан жылға Халыққа қызмет көрсетудің әртүрлі жүйелерінде білім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, бұл мәселе бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді. Осылайша, қызмет көрсету құзыреттілігіне қанағаттану деңгейі 86,9% құрады.

6. Алтыншы блок - "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері". Сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша тиісті құрылымдардың ХҚКО-да бұрын жүргізілген жұмысы, жүргізілген зерттеуге сәйкес жоғары нәтижелер көрсетті. Олар азаматтардың сауалнамасы нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталмағанын көрсетті. Яғни, азаматтардың 100% осы мәселеге қанағаттанған. Бұл осы бағыттағы жұмыс векторын дұрыс таңдау

туралы айтады.

7. Жетінші блок - "Шағымдану процесі". Онда азаматтардың қанағаттануы 85,9% құрады.

8. Сегізінші блок - "Электрондық түрде қызметтерді алу, техникалық жабдықтау".

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет көрсету саласында түбегейлі өзгерістер болды. Маңызды нормативтік-құқықтық актілер қабылданды, мемлекеттік қызметтер тізілімі қалыптастырылды және оларды ұсыну рәсімдері оңтайландырылды, электрондық үкімет енгізілді, көптеген қызметтер электрондық форматқа көшірілді, Халыққа қызмет көрсету орталықтары құрылды, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына нақты талаптар қойылды және т. б. Осылайша, осы мәселелер бойынша азаматтардың қанағаттану деңгейі 84,9% құрады.

9. Тоғызыншы блок - "Мамандандырылған ХҚКО". Соңғы онжылдықта автокөлікті тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру бойынша мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтары (мамандандырылған ХҚКО) ашылды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бойынша мамандандырылған ХҚКО ашылды және әр өңірде жұмыс істейді. Зерттеуге сәйкес азаматтардың қанағаттану деңгейі 80,5% құрады.

10 Оныншы блок - "Цифрлық ХҚКО". Бүгінгі күні ХҚКО трансформациялау кезеңдерінің бірі Цифрлық ХҚКО құру болып табылады. Бұл орталықтар жұмысты оңтайландыру және жеңілдету және еліміздің азаматтарының мемлекеттік қызметтерді дербес алуы үшін құрылған. Әлеуетті қызмет алушыдан талап етілетін барлық нәрсе-бұл ЭЦҚ-ның болуы және байланыс телефон нөмірін eGov.kz тіркеу. Осы блок бойынша азаматтардың қанағаттануы 87,5% құрады.

Осылайша, соңғы жылдардың қорытындысы бойынша азаматтардың ХҚКО қызметтеріне қанағаттану деңгейі құрады: - 2018 жылы – 84%; - 2019 жылы – 85,2%; - 2020 жылы – 85,4%; - 2021 жылы-85,7%; - 2022 жылы-87,2 %.

5.1.4 Тұтынушылардың қанағаттану индексын анықтау нәтижелері

МЕСТ Р 57189-2016 стандартының 4-10 тармақтарда тұтынушылардың қанағаттануы туралы айтылады. Атап айтқанда 9.1.2-тармақ толығымен тұтынушылардың қанағаттану тұжырымдамасына арналған. Талдау негізінде біз осы нормативтік құжатқа сәйкес "тұтынушылардың қанағаттануы" термині адамның ұйымның өнімдері мен қызметтерін қабылдау дәрежесін түсінетіндігін анықтадық. Сондай-ақ, "қанағаттану" ұғымы тұтынушының күткен үміттерін білдіреді.

Деректер SPSS 20 көмегімен дисперсиялық талдауды (ANOVA) қолдана отырып талданды. Нәтижелер қызметті тұтынушылардың қанағаттанушылығының жалпы деңгейі (CSI мәні негізінде) 83,58% құрады және 0,80 - 1,00 мәндерінің диапазонында болды, бұл қызметті тұтынушылардың

қанағаттану индексі "өте қанағаттанарлық" критерийіне сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Бұл сауалнама тұтынушылардың қанағаттануы мен қызмет көрсету сапасына қол жеткізу үшін қызметті жақсарту жөніндегі нұсқаулыққа негіз болатын ақпарат пен бағалау материалдарын бере алады.

Клиенттердің қанағаттанушылығына сауалнама жүргізу кезінде нақты жағдайда қандай көрсеткіш маңызды болады деген сұраққа жауап беру керек.

2017 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 93-қадамын жүзеге асыру аясында мемлекеттік қызметті бағалау үш негізгі блоктың біріне мемлекеттік органдардың азаматтармен өзара байланысы енгізілді [131]. Жоғарыда көрсетілген Азаматтарға арналған үкіметтің жүргізген сауалнамасында тұтынушылар сұрақтарға балл бермейді тек қана «ИЯ» немесе «ЖОҚ» деген жауап қана берді. Яғни тұтынушыда таңдау аз және оның қанағаттану деңгейін анықтау қиындық туындатады. Келесі айтып өтетін мәселе ол тұтынушыға сауалнамадағы қарастырылып отырған бөлімдердің маңыздылық деңгейі. Жоспарлау барысында тұтынушы үшін қандай бөлім маңызды болып табылатыны анықталмайды. Сондықтан біздің сауалнамалық зерттеу барысында, осы екі олқылықтың орнын толтыруды басты мақсат етіп алынды.

Тұтынушының қанағаттануы – кәсіпорынның тұтынушыға қызмет көрсету нәтижесінде пайда болатын сүйсіну немесе түңілу сезімі. Осы зерттеудегі тұтынушылардың қанағаттану деңгейі тұтынушылардың қанағаттану индексі (CSI) мен маңыздылық пен тиімділікті талдау (IPA) әдістерін пайдалану арқылы анықталды. CSI – қызмет көрсету сапасының көрсеткіштерінің болуын талап етеді және ол қызмет сапасының 5 түрлі аспектісінен құралады. Олар: материалдық, сенімділік, жауап алу сапасы, тыңғылықтылық және тілектестік. Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығындағы қызметке CSI анықтау нәтижелері 14-кестеде берілген.

Кесте 14 - Тұтынушының қанағаттану деңгейі және маңыздылық деңгейлерінің орташа мәндері.

№	Көрсеткіштер	Маңыздылықтың орташа мәні (МОБ)	Салмақтық коэффициенті (СК)	Қанағаттанудың орташа мәні (ҚОБ)	Салмақтық баллы (СБ)	ТҚИ (CIS), %
1	Мемлекеттік қызмет қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі	4,15	0,07	4,20	0,27	5,56
2	Қызмет көрсетушілер қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, сыпайы,	4,35	0,07	4,12	0,28	5,71

	жылы шыраймен қызмет көрсете алады					
3	Тұтынушылар халыққа қызмет көрсету орталығының басшысымен кездесіп тілдесе алады және шағымдарды, сындар мен ұсыныстарды қабылдауға дайын	3,56	0,06	3,69	0,21	4,19
4	Тұтынушыға берілетін мәліметтерде, дайын құжаттарда кателердің болмауы	4,47	0,07	4,74	0,33	6,75
5	Мемлекеттік қызмет халыққа қол жетімді	4,75	0,07	4,58	0,31	6,93
6	Қызмет көрсету орталығы тұтынушыларға шешімдер мен артықшылықтар бере алады	3,86	0,06	3,48	0,21	4,28
7	Қызмет көрсетушілер қызмет көрсету уақытының тәртібін, кезек күту уақытын қатаң сақтайды	4,75	0,07	3,67	0,27	5,56
8	Қызмет көрсетушілер тұтынушыларға қажетті құжаттарды түгендеп әкелуге уақыт береді	3,85	0,06	3,79	0,23	4,65
9	Қызмет көрсетушілер өз жұмысын жақсы біледі, құзыреттілік	4,57	0,07	4,65	0,33	6,77
10	Қызмет көрсету орталығы арыз-	4,29	0,07	4,17	0,28	5,70


	шағымдар мен өтінімдерге тез жауап қайтарады					
11	Әкімшілік қызметкерлер тұтынушыларға қажет барлық ақпаратты біледі	3,70	0,06	4,15	0,24	4,89
12	Қызмет көрсету орталығында қолайлы орындар мен жиһаздар, құрал-жабдықтар, инфрақұрылым бар	4,69	0,07	3,18	0,23	4,75
13	Тұтынушылардың қызметтердің электронды түрде алуы, техникалық жабдықтылығы	4,35	0,07	3,20	0,24	4,44
14	Көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат, нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттар тұтынушыларға қол жетімді	3,48	0,05	4,40	0,24	4,88
15	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және төлеу тәсілдері	3,92	0,06	4,16	0,26	5,20
	Орташа мәні	4,18		4,01		5,35
	Барлығы	62,74		60,18		
	ТҚИ, %					80,28

14-кестеден көріп отырғаныңыздай тұтынушылардың қанағаттану индексі 80,28% құрады. Бұл дегеніміз тұтынушылар мамандандырыған халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысына қанағаттанушылығы жоғары болғандығын білдіреді. Дегенмен әлі де сапасын жоғарылатуды қажет ететін көрсеткіштер бар. Енді осы алынған сандық мәліметтерді маңыздылық пен тиімділікті талдау (IPA)


диаграммасының көмегімен қай сапа көрсеткішіне ерекше көңіл бөлу керек және талапты күшейту керектігін анықтауға болады.

14-кестеде келтірілген есептеулерге сүйене отырып, жалпы маңыздылықтың орташа мәні 4,18 құрады, ал жалпы орташа тиімділік деңгейінің мәні 4,01 құрады. 15 көрсеткіштің әр қайсысының маңыздылығы мен тиімділік деңгейінің орташа мәні жалпы орташа мәннен қаншалықты асып түсетінін немесе жетпей қалатынын анықтайтын эталон ретінде алынады.

Қызмет көрсету сапасының 15 көрсеткіштерінің ішінде 8 көрсеткіштің маңыздылық деңгейінің орташа мәні жалпы көрсеткіштердің орташа мәнінен жоғары.



Сызба – 16 Қызмет сапасы бойынша сауалнама нәтижесі*




Сызба – 17 Маңыздылығы бойынша сауалнама нәтижесі*

* 1-15 Қызмет сапасының көрсеткіштері

Ол көрсеткіштер: № 2 Қызмет көрсетушілер қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, сыпайы, жылы шыраймен қызмет көрсете алады (4,35), № 4 Тұтынушыға берілетін мәліметтерде, дайын құжаттарда қателердің болмауы, №5 Мемлекеттік қызмет хаоыққа қол жетімді (4,47), № 7 Қызмет көрсетушілер қызмет көрсету уақытының тәртібін, кезек күту уақытын қатаң сақтайды (4,75), №9 Қызмет көрсетушілер өз жұмысын жақсы біледі, құзыреттілік (4,57), №10 Қызмет көрсету орталығы арыз- шағымдар мен өтінімдерге тез жауап қайтарады (4,29), №12 Қызмет көрсету орталығында қолайлы орындар мен жиһаздар, құрал-жабдықтар, инфрақұрылым бар (4,69), №13 Тұтынушылардың қызметтерді электронды түрде алуы, техникалық жабдықталуы 4,75. Қызмет тиімділігінің (сапасының) деңгейіне келетін болсақ 9 көрсеткіштің сапалық деңгейінің орташа мәні жалпы тиімділік көрсеткіштердің орташа мәнінен жоғары. Атап кететін болсақ, № 1 Мемлекеттік қызмет қызе стандартына сәйкес көрсетіледі (4,20), № 2 Қызмет көрсетушілер қажетті ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, сыпайы, жылы шыраймен қызмет көрсете алады (4,12), №4 Тұтынушыға берілетін мәліметтерде, дайын құжаттарда қателердің болмауы (4,74), № 5 Мемлекеттік қызмет хаоыққа қол жетімді (4,58), № 9 Қызмет көрсетушілер өз жұмысын жақсы біледі, құзыреттілік (4,65), № 10 Қызмет көрсету орталығы арыз- шағымдар мен өтінімдерге тез жауап қайтарады (4,17),

№ 11 Әкімшілік қызметкерлер тұтынушыларға қажет барлық ақпаратты біледі (4,15), №14 Көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат, нормативтік-құқықтық актілер мен стандарттар тұтынушыларға қол жетімді (4,40), №15 Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және төлеу тәсілдері (4,16) (16,17-сызбалар).

Кестеде көріп отырғанымыздай маңыздылығы бойынша ең жоғары баллды қызмет көрсетушілер қызмет көрсету уақытының тәртібін, кезек күту уақытын қатаң сақтайды (4,75) және мемлекеттік қызмет халыққа қол жетімді (4,75). Тұтынушылардың қызметтерді электронды түрде алу көрсеткіші (4,35) халыққа қол жетімділікке қарағанда 0,35 баллға төмен. Бұл көрсеткіштің төмен балл жинақтауы, адамдар халыққа қызмет көрсету орнына барып тұрғандықтан, қызметті өздері алғанды емес оларған қызметті ұсынғанын қалайтынын көрсетеді. Сауалнама нәтижесі бойынша маңыздылығы бойынша екінші орында тұрған көрсеткіш, қызмет көрсету құзыреттілігі яғни қызмет көрсететін мамандардың біліктілігі болып табылады. Себебі тұтынушы оның жұмысының тез әрі дұрыс бітуінің негізгі кепілі ол мамандардың біліктігі болып табылатынын ескеріп бағалап отыр. Әр атрибутқа сәйкес тұтынушылардың қанағаттану индексінің деңгейін 18-сызбадан көруге болады. Сызбадағы Папето диаграммасына сәйкес тұтынушылардың қанағаттану индексі есептелген 15 сапа көрсеткіштер өсу кему ретімен орналастырылды. Қанағаттану индексі ең жоғары көрсеткен көшбасшы көрсеткіштер 5-ші,9-шы және 7-ші көрсеткіштер. Сәйкесінше мемлекеттік қызмет халыққа қол жетімді (6,27%), қызмет көрсетушілер өз жұмысын жақсы біледі, құзыреттілік (6,69%), қызмет көрсетушілер қызмет көрсету уақытының тәртібін, кезек күту уақытын қатаң сақтайды (5,48%).



Сызба 18 - Тұтынушылардың қанағаттану коэффициенті (%)

Тұтынушылардың қанағаттану индексі ең төмен сапа көрсеткіштері 6-шы, яғни Қызмет көрсету орталығы тұтынушыларға шешімдер мен артықшылықтар бере алады (4,23%), 3-ші - тұтынушылар халыққа қызмет көрсету орталығының

басшысымен кездесіп тілдесе алады және шағымдарды, сындар мен ұсыныстарды қабылдауға дайын (4,13%) және 13-ші - тұтынушылардың қызметтерді электронды түрде алуы, техникалық жабдықталуы (4,44%).

5.1.5 Мемлекеттік қызмет сапасын бағалауда маңыздылық пен тиімділікті талдау нәтижелері (IPA)

